

1999 ж. шыға бастады

Тіркелген куәлік № 13395-Ж
Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитеті
22.02.2013 ж. берген

Редакция алқасы

Н.Л. Сейтахметова (бас редактор)
А. Сагиқызы (бас редактордың
орынбасары)
К.Н. Бурханов
С.Ю. Колчигин
А.К. Назарбетова
Б.Г. Нұржанов
З.К. Шаукенова
М.С. Шайкемелев
Ш.М. Жандосова (жаупты хатшы)

Редакционная коллегия

Н.Л. Сейтахметова (главный
редактор)
А. Сагиқызы (зам. главного
редактора)
К.Н. Бурханов
С.Ю. Колчигин
А.К. Назарбетова
Б.Г. Нұржанов
З.К. Шаукенова
М.С. Шайкемелев
Ш.М. Жандосова (ответ. секретарь)

Регистрационное свидетельство
№ 13395-Ж выдано Комитетом
информации и архивов
Министерства культуры и
информации Республики
Казахстан 22.02.2013 г.

Издаётся с 1999 года

**ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-
ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖУРНАЛ**

Адам әлемі

**ФИЛОСОФСКИЙ И ОБЩЕСТВЕННО-
ГУМАНИТАРНЫЙ ЖУРНАЛ**

2 (60)·2014

**Халықаралық редакциялық кеңес
Международный редакционный совет**

Нысанбаев А.Н. (кеңес төрагасы, Қазақстан)
Фиерман У. (АҚШ)
Халилов С. (Әзірбайжан)
Мехди Санай (Иран)
Жумагулов М. (Қыргызстан)
Зотов А.Ф. (Россия)
Лекторский В.А. (Россия)
Малинина Г.В. (Россия)
Нечипоренко О.В. (Россия)
Тошенко Ж.Т. (Россия)
Кенан Гюрсой (Түркія)
Шермухamedова Н.А. (Өзбекстан)

МАЗМҰНЫ**СОДЕРЖАНИЕ****ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ДӘСТУРІ • КАЗАХСКАЯ КУЛЬТУРА И ТРАДИЦИИ**

Әлжан К., Ошақбаева Ж.	Жыраулар шығармашылығындағы этикалық ұғымдардың өзектіленуі.....	3
Нуров М.	Казақ зияяларының діни дүниетанымы және оның мәні мен маңызы.....	14
Қоңырбаева К.	Қытайдағы қазактардың құндылықтар жүйесіндегі жаңғырулар.....	20

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫ: ЖАҢА ТУСИНДІРМЕЛЕР • ЗАПАДНАЯ ФИЛОСОФИЯ: СОВРЕМЕННЫЕ ИНТЕРПРЕТАЦИИ

Колчигин С.	Мартин Хайдеггер: онтология ускользающего света.....	28
Алейник Р.	Концепция Альфреда Адлера – модификация фрейдизма?.....	37
Альмуханов С., Кулумжанов Н.	Корреляция бытия и сущего в экзистенциализме М. Хайдеггера.....	48

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ АДАМНЫҢ ӨМІРЛІК ЭЛЕМІ • ФИЛОСОФИЯ И ЖИЗНЕННЫЙ МИР ЧЕЛОВЕКА

Сартаева Р.	Философия робототехники: к вопросу о духовной сущности человека.....	54
Швыдко К.	Интердисциплинарность в музыковедении как философия сопричастности.....	67

**ИСЛАМТАНУ ЖӘНЕ ЖАҢАЗАМАНҒЫ ИСЛАМИ ТАҚЫРЫПТАР •
ИСЛАМОВЕДЕНИЕ И ИСЛАМСКИЕ ТЕМЫ СОВРЕМЕННОСТИ**

Қаратышқанова К., Ташимов М.	Исламдағы дін және фәлсафа байланыстарын шолу.....	72
Аймухамбетов Т.	Религия как регулятор духовных интенций.....	77
Moldakhmet B.	Hanafi madhab in religious transformation of Kazakhstan's society....	82
Samadov E.	Islam in Azerbaijan.....	89
Адилбаев А.	Ханафи мәзһабының үкім шығаруда қолданған «истихсан» әдісі...	101

**МӘДЕНИ-ОРКЕНИЕТТІК КЕҢІСТІКТЕГІ ТҮРКІ ЭЛЕМІ •
ТЮРКСКИЙ МИР В КУЛЬТУРНО-ЦИВИЛИЗАЦИОННОМ ПРОСТРАНСТВЕ**

Барлыбаева Г.	Түркі философиясында екі дүниетанымдық ағымды зерделеу аясындағы Жүсіп Баласагұн көзқарастары.....	109
---------------	---	-----

САЯСАТ. МӘДЕНИЕТ. ҚОҒАМ • Политика. Культура. Общество

Курганская В., Дунаев В.	Состояние и тенденции развития гражданского общества в Казахстане.....	119
Алтаев Ж., Токтаров Е.	Сетевые сообщества как перспективные агенты социализации казахстанской молодёжи.....	128
Сейдуманов А.	Особенности становления парламентаризма в Республике Казахстан и Кыргызской Республике в 1990-е годы....	135
Нарбекова Г.	Государственная молодёжная политика: цели, задачи, направления.....	146
Ешпанова Д., Биекенова Н.	Идейно-ценостные и политические ориентации казахстанской молодежи.....	154
Ақын Б.	Жапонияның мемлекеттік қызметтің реформалуа: мәселелері мен болашағы.....	164

МЕРЕЙТОЙЛАР. МЕЗГІЛДЕР. ОҚИҒАЛАР • ЮБИЛЕИ. ДАТЫ. События

Уважаемый Мухтарбек Сейд-Алиевич!	169
Құрманғалиева Ф.	Қазақстан жолы-2050: заңшығарушылармен бірге талқылау.....	170
Юбилейная конференция.....		175

**Куаныш Әлжан, Жазира Ошақбаева – Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрлігі Ғылым Комитеті Философия,
саясаттану және дінтану институты (Алматы)**



**ЖЫРАУЛАР
ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ЭТИКАЛЫҚ ҰФЫМДАРДЫҢ
ӨЗЕКТИЛЕНУІ**



Аннотация. Мақалада қазақ хандығы кезеңіндегі ақын-жыраулар шығармашылығының этикалық мәні анықталып, олардың дүниетанымдық ерекшеліктерінің астарында әлемді түсіну, рухани игеру ауқымындағы философиялық ұстанымдар жатқандығы ашып көрсетіледі. Мұнда ел, жер, халық тағдыры, болашағы жүйелі сөз болады. Жыраулар шығармалары нақыл, қанатты сөздерден құралған философиялық толғаулар түрінде көліп, қыншылық кездे ақыл, кенес беретін әрі тәрбиеші, әрі ұстаз, әрі сәуегей ұлы ойдың иесі екендігі, олардың қоғамдық мәні бар ірі мәселелермен қатар адамдар арасындағы әралуан қарым-қатынастар туралы, адамгершілік, ізеттілік, білімділік, әділдік, достық, татулық сияқты руханилықта негізделген ойларын ақыл-насихат, өсінет үлгісінде беретін-дігі кейінгі ұрпаққа үлгі ретінде көрсетіліп, насхатталады.

Түйін сөздер: қазақ философиясы, дүниетаным, этика, жақсылық, жамандық, адамгершілік, бақыт, руханилық, даналық.

Дүниетанымдық кеңмәтіндегі этикалық қарым-қатынастар, жалпы қазақ философиясындағы жыраулар шығармашылығында адамзат қоғамы үшін ең құнды қатынастар ретінде қарастырылады. Қазақ жырауларының тәртіпке этикалық көзқарас логикалық ойлаудан жоғарырақ деген ойлары бұл орайда өте түсінікті. Дүниетанымдық контексте этикалық қарым-қатынастар адам мен адамзат қоғамы үшін ең зор құндылыққа ие қарым-қатынастар ретінде қарастырылады. Олар адам дамуының мақсаттарынан және оның қоғамдағы мінез-құлықтарының өлшемдерінен гөрі ауқымдырақ нәрсені қамтиды және білдіреді, өйткені субъект мінез-құлқы оның дамуы мен өлшемдерінің мақсаттары, даму құралдары мен салдарлары сияқты рационалды сәттерден де тұрады. Этикалық салада субъектінің өздігінен қозғалуы және өздігінен дамуы шындығында бастапқы болып табылады. Ол Гегель философиясында классикалық түрде ашып көрсетілген, оның

философиялық мұрасында субъект пен рух көбінесе объективтік дамудың зандары арқылы көрсетілген.

Ақын-жыраулардың шығармашылығы мен дүниетанымы, біріншіден, этикалық және эстетикалық мәселелерге шоғырланды, елдің дәстүрлі түсінігімен астасты, екіншіден, ағартушылық түсінік пен жұмыстың бағытымен ұштасып, оны тірілте, қарқындата түсті; үшіншіден, туған елге, туған жерге, отанға деген сезімді оятты, ұлттың әлеуметтік толғанысы мен қозғалысына ұйытқы болды. Қазақтың ақындық дәстүрін жаңа түр мен дәрежеге көтерген жыраулар адам мен табиғатты бақылаудың өнегесін қалыптастырыды, туған жер мен қазақтың қарым-қатынасын байыптаудың өрнегін жетілдірді. Туған жерге деген ақындық ыстық ықылас табиғат тура-лы сезімталдықты ұштады, шынайы сезімнің аясын көңейтті.

Қазақ жырауларының дүниетанымында субъектінің өздігінен дамуы әзотериялық кеңістікпен байланыс арқылы ашылған. Субъектілік дамуда тек объектілік қана емес, әлдеқандай тылсымдық та бар, ол – субъектінің өзіне ұқсастар әлеміндегі еркі. Бұл орайда этикалық қарым-қатынастар адамның субъективтік әлемімен тікелей байланысатынына орай, субъективтік және сонымен бір мезгілде объективтік этиканың негізгі объектісі моральдық сана, субъектінің өз мінез-құлқы мен іс-әрекеттері үлгісін саналы түрде тандауы болып табылады.

Қазақ жырауларының шығармашылық мұрасында қалдырылған рухани құндылықтар саласында, поэтикалық суреттерде адамның ойланып жасалған тандауына негізгі акцент жасалады. Мінез-құлқы пен әлеуметтік қарым-қатынастардың олар теріс деп есептейтін ерекшеліктері олардың туындыларында сыналады және рухтың әлсіздік танытуының белгісі ретінде бейнеленеді. Бұл образдар мен суреттер әсерді ширата түсетең сияқты көрінетін арнайы тәсілдің көмегімен көрсетілген. Әлеуметтік өмірдің әр алуан ұнамсыз құбылыстары мен қасиеттері, ұнамсыз кейіпкерлер мен об раздар салыстырмалы түрде алғанда шағын сюжеттік көріністе бейнеленген. «Тығызыдаудың» мұндай метафоралық тәсілін жыраулар жағымды қасиеттерді бейнелеуде де өте жиі пайдаланады. Ол оларға субъективтік түйсіну энергиясын арттыруға көмектеседі, көпшілікті субъективтік энергияны бейнелеп отырған суреттің фонындағы дербес бірдеме ретінде сезінуге мәжбүр етеді.

Ойластырылған адамгершілік тандау жыраулардың өздері салған әлемнің поэтикалық суретіндегі ұғымдарында өз еркін субъектінің рухани тәуелсіздігін оның өзінде, қоғам өмірінде және қоршаған әлемде бейнелен-ген жалпыға ортақ қарым-қатынастарға жігерлі түрде талпынушылығын білдіру болып табылады. Мұндай пішінде адамгершілік тандау этикалық анықтамаға дәлірек сәйкес келетін императив болып табылады. Бұл терминнің мағынасы дәл осы жағдайда көңейтілді және әзотериялықты түсіндіруге түзету енгізу арқылы нақтыланды.

«Этикалық императивте» субъектілердің барлығының әзотериялық та, сондай-ақ ерік пен интуицияның иесі ретінде реалды қарым-қаты-

настарындағы бірлігі сәулеленген. Адам сананың, рухтың, иерархиялық кеңістіктік статустың иесі, мақсаттар, іс-әрекеттер, мінез-құлықтар және ең бастысы, рух арқылы өзін-өзі табу түрінде жүзеге асырылған жеке және әлеуметтік қарым-қатынастардың субъектісі ретінде ұғынылады.

*Әлемді түгел көрсө де,
Алтын үйге кірсө де,
Аспанда жұлдыз арапан,
Ай нұрын ұстап мінсе де,
Кызыққа тоймас адамзат [1].*

Асанқайғы сөздің нарқы мен парқын біліп, қадірін түсінген шешен. Ол кімнен болса да қасиеттің рухын күтті. Өмір сүрудің негізгі мәні туралы айта келіп, Асанқайғы жақсылардан үлгі алып, жамандардан бойды аулақ салудың қажеттілігін, жас ұрпақтың ата-анасын, ұлкендерді сыйлап қастерлеуін, олардың ақылын тыңдап үнемі басшылыққа алуын, ізгі ниетті жайсаң жан болып өсу қажеттігін еске салады. Осыған орай жыраудың: «Арғымаққа міндім деп, артқы топтан адаспа, артық үшін айтсысып, достарыңмен сынаспа» немесе «Қарындастыңды жамандап, өзіңе туған та-былмас» деген сөздерінің тәлім-тәрбиелік мәні зор. Оның толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да, бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көңіл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді.

*Мінезі жаман адамга,
Енді қайтіп жусыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалған айттып сусыспа [2] –*

деген өсиетті ұстайды. Жырау бірде: «Ғылымым жүрттанды асты деп, кеңессіз сөз бастама» дейді. Сөз астарында өзім болдымыңқа салынып тоқмейілсіме, жеңіл мінезділікке ерме деген үағыз сарыны анғарылады.

«Есенінде, тірінде, бір болыңыз бәріңіз» деп халықты бірлікке шақырады. Онсыз «Қылыш-қылыш заман болар, қарағай басын шортан шалар» деп ертеңгі күнге бұлышырылық төніп қалар деген болжамын еске салады. Адамдық ұстаным – борышты міндеттердің жауапты саласы. Оны бұзушылық – ойшыл үшін жат құбылыс. Жырау әдептілік сұранысын былай түйіндейді:

*Есті көрсөң кем деме,
Бәрі тұғызын табылмас.*

Болатын адам, өсетін ел тәуір көретінмен жалған айттып сусыспайды, болмайтын нәрсеге кіжінесіп, желке құрыстырып ұрыспайды. Әдептіліктің

әр қыры мен сыры – бақыт көрінісіне лайық. Дегенмен бақыт – адамға деген ерекше сыйласу мен маҳаббат сезімнің үйлесімі мен иірімі. Бақыттың жандарған өзара түсінісе де, жақындаса да, біріге де алады. Бақытқа кедергі – ағайын мен ел арасындары бітімсіздік, ондағы мұdde алшақтығы, қасиет кенжелігі, сөйлесу қағидасының бұзылуы. Сөйлесуде өзара түсінік жетіспесе, онда үйлесімділіктің, ынтымақтың болмауы.

*Бұл заманда не гаріп?
Ақ қалалы боз гаріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл, шығын сөз гаріп...*

*Ата жұрты бұқара
Өз қолыңда болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты тұган ер гаріп [1, 27 б.]*.

Адамның ішкі дерпті азғындаған уақытта, замандағы ғаріптің түрі де, зардабы да көбеймек. Ғаріптік – заман ағысы адамзат тіршілігіне ыңғайсыз жағдайда дерпт болып асқындаға. Бірақ ақын заманды құрастыруыш мен билеушілердің мінез-құлқын, іс-әрекетін сынап, мінеді. Адамын тану арқылы ақын заманды тануға, заманың ағымын пайымдауға талпынды. Мұраты биік адам мен ұрпақ қана заманды өз талаптарына сай дұрыстауға ықыласынта білдіреді.

Асан Қайғы дүниетанымы мен этикалық-философиялық көзқарастарының өзегін адам мәселесі құрайды. Адамның адамгершілігі, оның сезім әлемі, мұраттары, жалпы үйлесімділікке жетелейтін жолдары, жамандықтан аулақ болуга деген талпыныстары көркем образдардың мәнін құрайды. Асан Қайғының пікірінше, тек жақсылықтар мен қуаныштардың салтанатынан құралмаған, яғни тарихтың кейбір кезеңдерінде жамандықтардан құрылған үрдістер басымдық танытады.

Қазақстандағы бірлік пен тірлік осы айтылған кеменгер бабалар сөздерімен байланысып жатқан жоқ па?! Жоғарыда айтқандай әсіресе, Асанның Ой мен Сөз кадірін дөп басып, дәл айта білгендейгіне мына бір жолдары куә болады:

*Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады,
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас
Жел толқытса шығады,
Ой түбінде жатқан сөз
Шер толқытса шығады [1, 12 б.]*

Өмірдің сан қырлы сырын түсінуде, тіршіліктең жақсы мен жаманның айырмасын білуде ойшылдың этикалық ойлары өте маңызды. Олар адамзат үшін жол көрсеткіші белгісіндей. Осыдан этикалық түсінік пен мінез-құлышты жетілдіру – қазақ халқы үшін нағыз біріктіруші феномен, дамытушы рухани күш. Адамның кез-келген іс-әрекеті тек қана әділдік идеясына бағынуға тиіс. Бұл тұжырым – басты талап. Әділеттілік принципі негізгі бағдар болған қоғам ғана адамның бақытты болуына іргетас қалайды. Қандай қоғам адамға қолайлы, қандай әлеуметтік ортада ол – Тұлға деңгейіне көтеріледі? Кез келген қоғамның құн тәртібінде тұрған осы сұраққа ол былай жауап береді:

*Әділдіктің белгісі,
Біле тұра бұрмаса.
Ақылдының белгісі,
Откен істі құмаса.
Жамандардың белгісі,
Жауга қарсы тұрмаса.
Залымдардың белгісі,
Бейбіттің малын ұрласа* [2, 12 б.].

Елді аузына қаратқан жан не сөйлесе де жөн іспетті. Сөздің асылдығына сен дегенді жырау өсиет ретінде қалдырды. Осы өлең жолдарында қаншама терең сезімдік ірім және ақыл-парасатқа толы ойлар жатыр! Әрбір сөз жәй ғана айтыла салмай, ол белгілі бір ойды тұжырымдайтын керемет құрал және адамның парасатын танытатын ғажап күш екеніне Dana бабаларымыз назар аударады.

Ақын-жыраулардың пікірінше адамгершілігі өте күшті, жомарт, аққөңіл, парасатты, қарапайым, адап адам ғана бақытты бола алады, ал пасық, өркөкірек, сараң адамның бақытты болуы мүмкін емес. Ақын-жыраулар табигат пен қоғамдағы жақсы-жаман құбылыстарға тоқталып, терең философиялық ой туғызады. Мысалы, Шал ақынның:

*Жамандар өзін-өзі зорға балар,
Бір өзінен басқаны төмен санар
Жақсылар ағын судай, асқар таудай,
Жаймалап қайда жақсы орын алар* [2, 12 б.] –

деген жырында жақсылықты мактап, дәріптейді, жамандықты сөгіп, елге жиіркенішті етіп көрсетеді. Адамның аласы да, құласы да бар, жаманы да, жақсысы да бар, адап да, арамы да бар. Жақсы өзін кең ұстайды. «Жаман адам кетсе, дүние кеңіп қалғандай болады. Жақсы адам кетсе дүние кеміп қалғандай болады. Қандай ауыр сөз! Сонымен бірге қандай әділ сөз!» – дейді Т. Рысқалиев [3, 197 б.]. Бірақ мұндай сөзді айтпау мүмкін емес, халқымыз осындай сөзбен жақсылықты сезіндіріп, жамандықтан безіндіріп

отырған. «Жақсылықтың ешбір айнымайтын өлшемі – адамдардың әлеммен қатынасында да, өзара қатынастарында да, олардың ешқашан өшпес құндылықтар екенін мойындап, олардың жалпы дүние болуының негіздерін сақтау, қастерлеу және оны бұзатын, былғайтын, оны тәрк ететіннің бәрін де жамандық деп қараяу», – дейді Қ. Әбішев [4, 259 б.].

Жақсылық – өте кең этикалық категория. Қоғамдық өмірдің шын дерегі адамгершілік негізінде жақсылық пен жамандық категориясы жатыр. Жақсы адам мен жаман адам жайлы ақын-жыраулар көп жырлаған. Мысалы, Шалқиіз жырау «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп басталатын толғауында жүртты әділдік пен жақсылыққа үндеп, жамандықтан аулақ болуды нақыл сөздермен жырлайды:

*Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мұлк етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда
Жұмыла галамға күлкі етер* [2, 50 б.].

Шал ақын жақсы жомарт, ізгі адам мен қайырымсыз, жаман адамды салыстырып сипаттайды:

*Айдынды жақсы аймен тең,
Жомарт жігіт баймен тең.
Шешен жігіт дүрмен тең,
Ақылы жсоқ надандар,
Іс бітірмес жамандар
Жүз болса да бірмен тең* [2, 56 б.].

Жорықтың алдыңғы шебінде, айтыс-тартыстың басы-қасында, елдің бел ортасында жүрген Шалқиіз елдік пен ерлік, жақсылық пен жамандық, шеберлік пен шикілік мәселелеріне баса көніл аударған, кісілік қасиеттерге қайта-қайта оралған. Шалқиіздің өзі көп оқыған, көп нәрсені тоқыған сынды да, сындарлы қайраткерлік деңгейге жеткен. Жорықта, соғыста, айтыс жанжалда ел мен ердің құны қатар сынға түсті. Ел ерлерсіз, ер өз елінсіз бабына келмеді. Қысылтаяң кезде тума туыстан сүйеніш іздеді, жүрттан суырылып шығар дарадан тірегін көздеді. Ерлер кімдер еді, нендей қасиетімен үлгі еді? Ерлердің «алдаспаннан игі қолы», «женсізден игі тоны», «арғымактан игі малы болар ма» – дейді Шалқиіз жырау. Шалқиіз дүрліккен, деміккен елге бас-көз болатын ханның бейнесін іздестіреді. Байсалды, батыл, ұстамды хан, сұлтан ол үшін алдаспан. Пиғылы теріс хан іс етсе, ол «жиған малынды тәрік етер, ат-тонынды бұлды етер, өз басынды олжа етер». Хан Темірдің осындағы қиқарлығын көрген Шалқиіз одан алшактайды. Шалқиіз жырау жау жағадан алғанда, ел біrlігінен артық қорған жоқтығын былай ескертті:

Жоғары қарап оқ атпа,
Жуық түсер қасыңа.
Жаманга сырыңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда
Сол жаман айғақ болар басыңа [2, 44 б.]

Жемсаудан арылып, дүспан жауға қарсы бірлесу, сөйтіп сәттілікке үлес қосу – қажетті үндер және керекті қүндер еді. Сондай сындарлы кезенде, тар жерде кімнің кім екені біліне бастады.

Жақсының жақсылығы сол болар,
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер;
Жаманның жамандығы сол болар.
Сөйлесе дәйім бетін қара етер;
Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер.

Жақсының тілегі бір, Тәнірімен ниеттестер дегенді айтады. Өзіне тегеурінді жандарды іздеген жерден табады, жат жерде өзін танытады. Жаманның жауы – тілі мен пиғылында, икемсіз қылығында. Еріккеннен қызыл тілін тыймайды, жалғандықты жамылған сусыма сөзі аузына сыймайды. Қисынсыз қылығымен көрінгенде қинайды. Іске ебі жоқ, бос сөзі көп есіктен күле кіріп, құнірене шығады. Теріс пиғылды іштегі дүшпан. Жамандар қонқалап, бір жақсыны көре алмайды. Жаман ұшқан жапалақтай аяқ астынан табылады, жағасы оның тайғақ, әркімге ұрынады. Өз пиғылына тоқ, жақсылыққа жоқ. Сөз ұқпай, ұлағат тұтпай, сырт айналып кетеді. Иштей менмен ел арасынан табылмайды, кісіден тартып алғанымен жарымайды. Туырлығы жоқтың, туғаны жоқ, тырандан түзге де кетеді. Ниеті арам, өзіне жүк тиетпейді. Жаманның жұғымсыздығынан елдің, әйелдің, сәбидің қанша көз жасы төгілді. Жыраудың тоқтамы: «Күндердің күні болғанда, сол жаман айғақ болар басыңа».

Шал ақын шығармашылығын қарастырсақ, ол барлық нәрсе адамға байланысты дейді:

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,
Жақсы атансаң біреудің хақын жеме...

Яғни, зұлымдыққа жол бермеу, жамандықты бетке қағу әр жанның парызы дейді. Жақсылықтың отын маздататын да, жамандықтың түйінін бықсытатын да адам деген ой айтылады. Сондықтан ол жақсылық қайdan шығады, жақсы адам дегеніміз кімдер, жамандық неден тудады, жаман адамдар қандай деген мәселені сөз қылады.

Бақыт дегеніміз өз болмысына, жеткен табыстарың мен өз мақсаттарының іске асуы жолындағы күресінде қанағаттану, ал өмір мәні адамның

өз ұмтылысын ұғынуы, алға қойған мақсаттарына деген сенімі. Бақыт пен мұрат ұғымдары адамның іс-әрекеттерімен тығыз байланыста айтылып, көркемдік бейнелермен көмкеріліп, көшпелі қофамның далалық болмысымен шынайы ыңғайласып, бірлікте тұрады. Бақыт ұғымының өзі адамдардың достығына, сүйіспеншілігіне, қайырымдылығына негізделеді. Асан Қайғы:

*Бақыты оянған ерлердің,
Әрбір ісі оң болар.
Дәuletі күнде артылып,
Не қылса да мол болар, –*

деп бак-дәулеттің келуі мен кетуі құбылмалы екенін ескертеді. Асан бақытты дегенде оның жиған байлығын айтпайды, адамның бақыттылығы оның ақылдылығында, елге қайырлылығында, сол қасиеттерімен жүртқа танылғандағанда бақытқа жету мүмкіндігі болатынын айтады.

Ақын-жыраулар өмірді қадірлеп, оны мәнді өткізуге шақырды. Адамның өмірлік мұраты не, соған ұмтылуы керек. Дәulet, байлық адамға жолдас болмайды, олардың сонына түскен адам өкінумен өтеді. Ондай адамда дос болмайды. Өздерінің адамға, олардың тағдырына қатынасын өз жырларымен ақыл-кеңес, өсінет айта отырып білдіреді. Өмір қысқа, сондықтан алға ұмтылып, елге жақсы істерімен көрінуің керек. Тіпті қандай қызын жағдайда болсаң да мойыма, жаман іске ұрынба дейді. Бұхар жырау «Сәлем бір сөздің анасы» деген толғауында:

*Сәлем бір сөздің анасы,
Галек болған данасы...
Өтірікті шын қылған
Ол Алланың қызыл көзді пәлесі, –*

деп өз кезіндегі алаяқ, қызыл көз сүмдардың тұлғасын жасауға тырысқан. Мұндай адам бейнесін Ақтамберді жыраудың толғауынан да көреміз:

*Мал-басы өскен адамның,
Алды-арты бүркән бу болар,
Көтере алмай дәuletін,
Көрінгенге қыр қылар...
Жетім менен жесесірге
Қазары ылғи ор болар –*

деп [2, 75 б.], кейбір дәулетті адамдардың тұмсығын аспанға көтеріп, кеудесіне наң пісіп, құр кеуде тәқаппарлыққа салынуын ашып көрсетеді және ондайлардың сазайын тартатынынан да үміттенеді. Өзің үшін, үргағыңың қамы үшін еңбектену керек екенін Ақтамберді жырау жақсы айтқан. Тірі жан-жануардың бәрі тіршілік үшін еңбектенбекші. Тең құрбыңнан кем қалмай, дәулеткे ие болу әр адамның мақсаты. Бірақ оны қол жайып,

сүрап ала алмайсың, өз күшіңе, өз талабыңа сенім артуың қажет, сол жолда ерінбей еңбек етсең, сол еңбегіңің жемісін жейсің деген ойды мына жырында әдемі бейнелеген:

*Көк көгершін, көгершін,
Көккүтән ұшар жем үшін.
Тем, тем үшін, тем үшін.
Тең құрбыдан кем үшін.
Көк шекпенін бөктепін,
Ерлер жортар мал үшін
Қатын-бала қамы үшін
Әркім өзі талпынбақ,
Басына бітер бағы үшін [2, 67 б.].*

Бак-дәулет, өмірдің бар қызығы еңбекте, ел-жүрт тыныштығы бірлікте екенін «Балаларыма өсіет» деп басталатын өлеңінде нақыл сөздермен берген:

*Бірлігіңен айрылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жүрт келеке...*

Ақтамберді туған жер, Отан тілегін бірінші орынға қояды. Татулықты, мейірімділікті, батырлықты қөксейді. Адамның артықшылығы жомарт, жайдары мінезінде, ақылы мен білімінде деп көрсетеді. Ер-азамат, сұлтандар, байлар мен жарлылар бәрі бір мақсатта болса деп армандаиды. Халық арасындағы қайшылықты ағайыншылықпен шешуге үндейді. Асан Қайғының «Жерүйікты» іздеуі де осы әділеттілікті, халықты бақытқа аппаратын жолды іздеу еді. Ол әділетті болу адамның өзіне байланысты екендігін әсерлі жеткізе білді. Әділеттілік орнатудың негізі әлеуметтік келелі тіршілік мұдделеріне қарай иландыру, икемдеу, оның өрісін кеңейту, кеңістікті пайдалану, уақытты бос өткізбеу болып саналады. Асан Қайғы хан мен халықты бірігіп қымылдауға, бірігіп әрекеттенуге шақырды. Ол халық тілегін ханға жеткізуші ғана емес, оның орындалуына жол ашқан саяси тұлға еді. Ал Канттың «Мәнгі бейбіт өмірге» трактатын қарастырсақ, ол үшін ең қымбат нәрсе – адам өмірі. Адам өмірін сақтау үшін бейбітшілік орнату керек, адамдар бір-бірімен тату-тәтті өмір сұруі керек дейді. Бұл саяси мәселенің негізі – жер бетіндегі тіршілікті, адам өмірін сақтау. Сондықтан адам мәнді өмір сұру үшін күресуі, еңбектенуі, тығырықтан шығатын жолды іздеуі керек. «Өмір, дүние туралы толғанысқа түскен адамның тиянақты тұжырымға келуі екіталай іс. Дүние болмысы туралы мінсіз ой қалдырған данышпан жоқ. Олардың бәрі терең сөздер айтқан, бірақ ешқайсысы өмір мәнін ашып бере алмаған» [5, 477 б.]. Жыраулар адамның өмір туралы, өмірдегі оның орны туралы ойлануға, рухани жетілуге шақырады, өз өмірін

анықтау, мәнді өмірге жету әр адамның өз қолында деп түсіндіреді. Өмірге адам болып келдің бе, адам болып өмір сүр, адамгершілік қасиеттерді бойыңа жина, сонда мәнді өмірге жетесің деп бізді үйретеді.

Ақын-жыраулардың аталып өткен, сонымен қатар басқа барлық моральдық және этикалық құндылықтарды өзінің ғайыптан хабар беріп отыратын абыз, көшпелі халық өмірінде үлкен беделге ие болған, сол арқылы этикалық мазмұнды құндылықтарды ізгілендіріп қана қоймай, оның үстінен интуициялық, гуманистік, елеулі бостандықтың өзегі ретінде оның жанды рухын көрсететін адам ретіндегі биік позициясына лайықтап ұсына білу фактісі де маңызды. Оның шығармаларының көбінде Отанын, әлсіз және бақытсыздыққа ұшыраған туысқандарын қорғаушының өршіл рухы жаңғыртылған!

Ақтамберді жырау өмір ережесін жақсыларды марапаттау арқылы ғана емес, жамандықтың бастауын іреп, салдарын саралайды. Жамандық адамдардың бірін-бірі қорлаудан, зорлаудан басталады. Қорлау да, зорлау да – жендердік, пенденің бағын аштырымайтын жексүріндиқ. «Жаман болса жолдасың, астыңдан өткен сызben тең», «Жаман туған жігітке, рақатты құн бар ма». Жамандық – жауың. Екеуінің де түрі көп. Сонда кім жаман? Дәүлеттің көтере алмай желіккен, өз мінін білмеген, ата мен ананы сыйламаған, ертең не болатынын білгісі келмеген, қунде жанжалдың делебесін қоздырған, жетім мен жесірге қол ұшін бермеген, жалаулы найзаны қолға алып, Жаманның көрінісі құнгірт, салмағы сұмдық, әсіресе қашқанда ақыл, асқанда дегбір қалдырмайды.

Елдікті еркіндіктен, бірлікті адамгершіліктен іздең жыраулықтың тәлімгерлігі басым. Адамгершіліктің құндылығын дәріптеген ақын-жыраулар өтпелі дүниенің көрікті бейнесін жасады. Бейне тұлғасымен толықты, нақтыланды, бейнелі жанның қоғамға деген түсінігі талқыланды, анықталды. Сергек сезім, көтеріңкі стиль адамның өзіне деген сенімді күшайтті. Жыраулар өміршең және адамгершіл көзқарасты құрметтеу, соның құндылықтарын баптау арқылы әдеби дәстүрді жаңғыртты. Жыраулардың әр сөзі және әр образы өнерімізде женіп алған көркемдік ықпал мен моральдық бедел ғана емес, сонымен қоса, бірінші кезекте, авторлардың өзіне бағындыратын күш қуаты, сол шабытты қуаттың атқарған қызметінің жемісі. Қазақ мемлекетінің негізі елдің рулық ара қатынасынан құралса, оның қайнар бұлағы туысқандық, мейірімділік сезімнің артуы арқылы құралатының жыраулар жақсы түсінді. Ол кездегі алға қойған саяси-әлеуметтік талап қазақ деген ұлттық сананы рулық, жүздік ұғымның шенберінен асырып, түбі бір тұтас мемлекеттік дәрежеге көтеру еді. Жыраулардың арманы қазақ жұртын қабырғалы мемлекет қатарына қосу болды. Халықтың басын біріктіреміз деп талай қындықты бастан кешірді, алдаспан жырлары ханды да, қараны да аямады. Олардың әрбір жырын жеке бір тарих деуге болады, себебі сол кездегі халықтың әр қадамын бейнелеп, құнды мәліметтер беріп отырады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 104 б.
- 2 Бес ғасыр жырлайды: XY ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. (Кұрастырган. М.Магауин, М.Байділдаев). – Алматы: Жазушы, 1984. – Т. I. – 256 б.
- 3 Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері. – Алматы: Ақыл кітабы, 1999. – 237 б.
- 4 Әбішев Қ.Ә. Философия. – Алматы, 1999. – 264 б.
- 6 Кант И. Собрание сочинений. – М: Чоро, 1984. – Т. 3. – 741 с.

Резюме

Әлжан Қ.Ұ., Ошакбаева Ж.Б. Актуализация этических понятий жырау в современных условиях

В статье рассматривается значение этико-онтологической рефлексии для актуализации духовно-нравственного содержания традиционного мироотношения в творчестве казахских жырау, представляющее огромный интерес в условиях современной действительности.

Resume

Alzhan. K.U., Oshakbayeva Zh.B. Actualization of Ethical Concepts of Zhyrau in Modern Conditions

The article discusses the importance of ethical and ontological reflection to update the spiritual and moral content in the works mirootnosheniya traditional Kazakh bard, is of great interest in today's reality.



*Мархабат Нурев – Абай атындағы Қазақ
ұлттық педагогикалық университеті (Алматы)*

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫң ДІНИ ДУНИЕТАНЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Аннотация. Зияллылар қауымы әрқашан да өзінің ықпалын халық санасы мен келешек үрпақтың тағдырын шешуге жұмсады. Діни құндылықтарды сактауда, оларды дұрыс ұғынуда зияллылардың көзқарастарын қарастыру біздің заманымызда өзекті мәселелердің бірі. Солардың ішінде қазақтың көрнекті ағартушылары Шәкәрім, Мәшһүр Жұсіп және Ғұмар Қараш көзқарастары қазіргі таңда өз маңыздылығын жойған жоқ. Сондықтан даналар дүниетанымының мәнін жете түсініп, оны бүгінгі қоғамдағы проблемалы мәселелерді шешуде қолдануға болады.

Түйін сөздер: руханилық, дін, ислам, жәдидшілдік, діни ағартушылық көзқарас, діни таным, діни сана.

Қазіргі замандағы саяси-әлеуметтік, руханияттық қатынастардағы Қазақстан қоғамы үшін маңызды болып отырған мәдени, діни, сана-сезімнің қалыптасуы – құндылықтық, дәстүрлі қатынастардың ортасында қоғамның бірқалышты, өзіндік даму үрдісімен жүргүре жағдай туғызу болып табылатын негізгі фактор. Әрбір азаматтың, оның ішінде Қазақстанның өркениетті елдер қатарына қосылу мақсатында халықты кешегі қазақ зияллыларының танымындағы ерекшеліктерді, мұра етіп қалдырған асыл қазыналарын зерделеу біздің заманымызда проблемалық мәселелеге айналып отырған діни қатынастарды реттеуде өзінің толықтай әсерін бере алмаса да, белгілі дәрежеде Қазақстан қоғамындағы діни мәселелерді олардың діни танымы арқылы танып, бізге қалған бұл мұрадан алатын әсеріміз мен тиімді жағы көп болады деп ойлаймыз.

ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамындағы діни ағартушылық көзқарастарымен ерекше көзге түскен Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр-Жұсіп Көпееев, Ғұмар Қараш шығармашылықтарында исламдық рухани негіздер, оның ішінде ханафилік мәзхабтағы сунниттік бағыт айқын басымдық танытады. Діни танымы рухани қазынаға бай тұлғалар дүниетанымының қазіргі заманың рухани саласына ықпалы олар қалдырған асқақ мұраның қаншама уақыт өтсе де өзекті екендігін көрсетеді. Қазақ халқының тарихында ХХ ғасырдың басы айрықша күрделілігімен, сансыз оқиғалардың шиеленісімен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында зияллылар қауымы өкілдерінің қазақ баласын азаттыққа бастаған бір топ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі

өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсендеген, діні мен мәдениетіне, тұтастай халық болуына қатер төнген бір заман болды.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ ойшылдарының көзқарастары терен демократиялық және гуманистік сипатта болды. Олардың шығармаларында жалпыадамзаттық маңызға ие философиялық мәселелер – адамның болмысы мен еркіндігі, өмірдің мәні, дін мен білімнің арақатынасы, ғылым және өнер, руханилық т. б. баяндалды. Мәселен, Ғұмар Қараштың ойынша адамның күші оның руханилығында, адамшылығында, ал адамшылықтың көзі – дінде. Ғұмар иман мен ұятты бір негізде қарастырады:

*Тұрады ұят тұрган жерде иман
Әдебі пайғамбардың бұған илан [1, 125 б.]*

Иманның адам бойындағы бар екендігі, оның ұяттының дәрежесінде. Иманы берік халықтың рухы да мықты болатынын, имансыздық, ұтсыздық дінсіздікке апаратындығын ойшыл баса айтады. Ойшыл танымындағы ұяттың діндең айрықша орын алатындығын баса айтып отыр. Бұл – қазіргі біздің қоғамымыз батыс өркениетінен алған ұлттық игіліктеге сай келмейтін кейбір қасиеттерді, ұтсыздықты ту еткен кейбір буын өкілдері үшін назар аудартатын құндылықтың дүние. Ал біздің жағдайымызда өз зияллыларымыздың танымындағы алдыңғы қатарлы үлгілерді пайдалануымыз қажет, оны ұрпақ тәрбиесінің мәйегіне айналдыру зор маңызға ие.

Зияллылардың ғылыми немесе діни танымынан біз мұсылмандық қасиетті кітаптармен арадағы өзара байланыстың бар екендігін байқаймыз. Діни құндылықтар мен діни білімдердің маңыздылығын жан-жақты менге-ре отырып, қазақтың дінтанушы зияллылары – Шәкәрім, Мәшһүр Жұсіп Көпееев, Ғұмар Қараш танымдарында олар өзіндік руханияттық арнаны ұсынған болатын. Сондықтан, ойшылдардың осы мәселедегі діни танымга қатысты пікірлерінің қазіргі заман үшін маңыздылығы орасан.

Даналар бір Жаратушы иенің бар екеніне сену керектігіне шақырған, бірақ сену үшін тану керек болғандықтан, тану үшін ғылымды басты нысанага алған. Шәкәрім де, Ғұмар да, М.Ж. Көпееев те сенімнің ғылыми-рационалды болғанын қалаған.

Бұл ойшылдар Алланы ғылым арқылы тануға шақырған және оны өз дүниетанымының негізгі өзегіне айналдырған. Мәселе Жаратушыны қалай тануда болып отыр. Жаратушыны тану дегеніміз ақиқатты тануға үмтүлу. Ал ғылым болса, дәлелді талап етеді. Алланы ғылым арқылы тануға үмтүлған Маржани мен Абайдың дәстүрін жалғастырған ойшылдың қатарына Шәкәрім Құдайбердіұлы, М.Ж. Көпееев пен Ғұмарды жатқызамыз. Себебі өз заманында ескішілдікпен күрескен дара тұлғалар осы жаңашылдықты қолдаған болатын. Сондықтанда діни құндылықтар мен даналардың дүниетанымының бірлігі ақиқатты тануға бастар жолда негізгі нысана бола алады. Шәкәрім де, М.Ж. Көпееев те, Ғұмар да, өз

заманының осындаған ойшылдары болғаны анық. Олар ақиқатты тану жолында жан бостандығының негізін күйттей отырып, иман жолында берік түру арқылы неге сенсе де ғылыммен тануды басшылықта алған. Осы үрдісті халқына ұсынған. Осы жолда хакімдердің ұстанған бағытының халық үшін атқаратын қызметі мол. Ойшылдар ұстанған дініне жай сенумен ғана шектелмеген, оны ғылым арқылы тануға ұмтылған.

Зиялымдар жиырмасыншы ғасыр қоғамының тегеурінді мәселелерін ба-рынша көтеріп қоғамды жетілдіруге ат салысқан дара тұлғалар. М.Ж. Қөпеев қоғамда орын алған әділетсіздіктің шығу себебіне терең бойлай білген. Ол «әділ биде аға жоқ, тұра биде туған жоқ, туғанына бұрган биде иман жоқ», – деуші еді. Осы күнде он екі пәнді жетім қылып, құранды бастаң аяқ жад біліп, қажыға он екі барып келсе де, аузынан шыққан сөзі далаға кетпей, орынға келу қайда. Алдына жүгініске келген жаннан бір жаннның көңілі жадырап қайтпайды, қайта шаригатқа саламыз деп алдына келсе, пәлеге қалғаны даулары бұрынғыдан зорайып, сотқа берісіп, үлкен оралмас тұманға айналып кетеді. Міне, бұрынғылардың ақ жүрек екенін, бұл замандағылардың кара жүрек екенін мұнан байқаңыздар», [2] – деген пікірі көп нәрсені аңғартады.

Мәшін Жұсіп өзінің 1890 жылы «Дала уәләтты» газетінің алтыншы және жетінші сандарында жарияланған «Баянауылдан» атты мақаласында дін мен ғылымның керегарлығы туралы, ислам дінінің білім алууды, әсіресе әйелдердің білім алуын шектейтіндігі жөніндегі әр алуан стереотиптер мен штамдарды теріске шығарады. Мал жиудан басқа өнерге құлықсыздық таныста бастаған қазақты мұсылманша болсын, орысша болсын, ғылым үрленуге шақырып, аталмыш мақалада былай деп жазады: «Мал жиып бай болуды ойлама. Ғылым үрленіп, білгіш болуды талап қыл. Неге десен, ғылым – пайғамбардан қалған мұра. Мал қараша – байдан қалған мұра. Малды кісінің дүшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады. Мал жұмсай бастасаң, таусыла бастайды, ғылым жұмсай бастасаң, артылып, үсті-үстінен көбейе береді... Мал біткен кісі мұрнын көтеріп, тәкаппарлық қыла бастайды. Ғылымды болған кіслер өзін өзі тәменшікке алып, кішік көніл болады» [3]. Ойшылдың бұл өситеті қазіргі уақыттарын зағ кетіріп, атаққұмарлықтан жа-рыс ұйымдастырып жүрген, аз оқып көп білдім дейтіндерге және ғылымды саудаға айналдырып, оның парқын білмейтіндерге сынни көзқарас пен тұра жолды таңдауды үйретеді. Қазіргі кезеңде казак ғылымы дамып келеді, дегенмен оның дамуына үлес қосатын азamatтар осы зиялымдар танымынан нәр алғандар. Әйтпесе, даналар өситетін бойына сіңіріп өспеген тұлғадан шынайы ғалым шықпас еді. Қазақстанның тәуелсіздік алуы барысында рухани ахуалдың өзгеруі – қазақтың діни ғұламаларының, оның ішінде, Шәкәрім, Мәшін Жұсіп Қөпееев, Ғұмар Қараштың мұрасы сияқты мәдени құбылыстың сарқылмас кенін ұғынуға және мұлдем жаңа түсініктер мен парадигмаларды ашу мүмкіндігіне ықпал етеді. Дүниетанымдық бағдарлар мен қондырғылардың өзгеруі, маркстік догмалар және стереотиптермен қоштасу мұсылман мәдениеті феноменінің өзін қайта бағалауға, дәстүрлі

мәдениеттің жаны мен жүргегі – ислам екендігін бекітетін айғақты түсінуге итермелейді.

Кеңес дәуірінде біз түсінбеушілікпен теріске шығарған қазақ руханиятының көрнекті өкілдері Фұмар, Шәкәрім, М.Ж. Көпеевтер дәл осы ислам мәдениеті мен руханилығы идеяларын жақтады, ақыл мен ғылым адам үшін Жаратушыны ұғынуға жол ашады деп есептеді. Қазіргі құбылмалы әлемде ислам мәдениеті мен философиясының негіздерін теориялық негізде тереңірек зерттеу, әлемдік діндердің бірінен саналатын исламның руханиадамгершілік қуаты мен гуманистік бағытын айқындау ерекше маңызды мәселе екендігі анық. Тек осы арқылы ғана рухани жаңғыру, халықтардың өзара түсіністігі мен өзара келісімділігі басты нәрсе болып саналатын исламның ұстындарына надандық пен ластиқтың, зұлымдық пен зорлықтың қайши келетінін дәлелдеуге болады. Бұғынгі күні қазақстандық ғалымдарға бұрынғы идеологиялық таңбалардан арылып, қазақ ойшылдарының шығармаларына және оның мәдениетке қоскан үлесіне жаңаша көзқараспен қараудың мүмкіндігі туды, әрі ол мүмкіндіктер жүзеге асу үстінде.

М.Ж. Көпеевтің пікірінше, әр адамда жамандыққа да, жақсылыққа да ерік берілген. «Оның ойынша, Алла адамды жаратқан кезде оған бостандық пен еркіндік сыйлаған: «Жаратуын өзі жаратса да, билігін, ерік ықтиярын мақлұқтарына берді». Бұл бір ойдың келесісін жоққа шығару емес. Мұнда әрекет пен қылықтардың мәні тек қана олардың себебіне байланысты пішілмейтіні, сондай-ақ олардың салдарының жауапкершілігі мен салмағына да байланысты екені айтылады, сондықтан акцент адамның еркін таңдауына койылады. Жоғарыда айтылғандарды көртінділай келе қазақ ойшылдарының еркіндік пен тағдырды Құдайдың сыйы деп санағанын, бірақ ол бұл екі түсінікті тенденстірмегенін айтуға болады. Бостандық рухани ортада тағдыр ішінде жақсылық пен жамандықты тандау кезінде пайда болады» [4], – деп түйіндеғен ойлар да оның айғағы.

Экстремистік көңіл-қүй біздің елімізде жатжерлік діни ағымдар тарапынан байқалып отырғандығы мәлім. Әсіресе, төзімсіздігімен ерекшеленетін шетелдік түбірге ие кейбір ислам жамағаттарының әсері аңғарылады. Бұл жастар арасына тараптып отыр. Атын атап, түсін түстемесек те, жалпы жүртшылыққа белгілі бұл кері ағымдар рухани ізденіс үстіндегі жастардың дүниетанымдық мәдениетінің қалыптаспағанын пайдаланып, олардың кез келген жас адамға тән болып келетін рухани ізденістерін, кейде, тіпті, әлеуметтік-материалдық мұқтаждықтарын пайдаланып, студент-жастар шоғырланып орналасқан жерлерде тікелей уағыз арқылы немесе интернет ресурстары арқылы оларды өз қатарына тартып алуда. Нәтижесінде көптеген қазақ баласы халқымыздың ғасырлар бойы ұстанып келген ханафиттік дәстүрлі исламнан жеріп, қоғамнан, мемлекеттен, тіпті отбасы мен құрбы-құрдастарынан оқшауланып, мақсаты күмәнді жатжерлік ағымдардың қатарын толықтырып, өздері байқамай сыртқы ықпалды құштердің геосаяси ойынының құрбанына айналып кетуде. Осының салдары діни білімнің таяздығынан, ата-ана тәрбиесінің немқұрайлылығынан

деп ойлаймын. Бұл тек бірнеше ғана мысал. Оның себеп-салдарын жан-жақты қарастыруға болады. Занмен дінге қатысты қатаң саясатты бекітіп тастаудың да қаупін ескерсек, біздің мақсатымызда зыйерлы қоғамымызда барынша конституциялық құқықтарын сақтай отыра, халықты діни ағарту мәселелеріне көніл бөліп, оның неғұрлым дұрыстығын қадағаласақ, соғұрлым жақсы нәтижені аларымыз анық.

Қазақ зиялышарының көрнекті өкілдері – Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы, М.Ж. Көпееев, Ф. Қараш қазақ қоғамы дамуының, тарихи талабынан туған жандар. Дін мәселесінде олардың көптеген ұқсастықтары болғанымен, шешу амалдарында әрқайсысының өз жолы болды. Қазіргі аумалы-төкпелі замандағы ауытқуларға қарсы тұра алатын іс-шаралардың бірі – ол ғасырлар бойы жинақталған мәнді қазына жалпыадамзаттық, халықтық, ұлттық игі қасиеттер, мәдени жene рухани дәстүрлерді кеңінен игеру. Елдің елдігі де, халықтың өзі қастерлейтін асыл қазыналары – тілі, діні, діни санасы, діни танымы, әдет-ғұрып, салты, дәстүрі сол игі қасиеттердің болмысына сай келуге тиісті және оның көмегімен ұлт бірегейлігі жүзеге асады.

Рухани дәстүрлеріміздің халық жадында ескірмейтін асыл мұралары секілді діни сенім де халықтың рухани қазынасын құрайды. Діннің міндеті, егер ол шын мәнінде халықтың қажетіне қызмет ететін дін болса, жұртшылықты құдайға күні-түні құлшылық жасап жанға сауға сұрауға жұмылдыру емес, еркін өмір сүретін қоғамдастық құруға бағыттау. Ұлттың осындағы ұлы мұдде жолындағы ұмтылысына, талпынысына тіреу болатын танымдық нұсқалардың бірі діни сана және діни таным болып табылады.

Қоғамдық санада орын алып отырған жағдай халықтың рухани дәстүрінде, діни тағылымдарында қалыптасқан құндылықтар жүйесін қайтадан ой елегінен өткізуді талап етеді. Негізінен кез келген қоғамның ұлттық рухани өресі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, діни болмысының орнықтылығымен, яғни, ұлттық менталитетінің дәрежесімен өлшенуге тиісті. Бұл орайда, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен діни наным-сенімдері ұдайы қоғам мұддесімен үндесіп, өмір салтын, тіршілік болмысын шындауға қызмет етіп отырды. Эрбір кемел мәдениетте дәстүрлілік пен жаңалық бірге жүреді. Қазіргі таңдағы күн сайын өзгеріп отырған саяси-әлеуметтік, мәдени-ақпараттық, халықаралық және аймақаралық қатынастардың ішіндегі дін мәселесі де өз маңыздылығын жойған емес. Дегенмен, бұл қазақ даласынан тайсалмай шыққан Шәкәрім, М.Ж. Көпееев, Ғұмар Қараш сынды ойшылдарымыз қылышынан қан тамып тұрған заманында еш нәрседен шімірікпей, сүбелі шығармаларды жазып қалдырған. Осындағы дара тұлғалы азаматтардың әрбір шумақтағы ойына жете зер салып, қастерлей алмасақ, бүгінгі егемендікке қол жеткізген үрпақ тарапынан кеткен кешірілмес қателік болып табылады.

Зиялышардың адамдық болмысын, жүртіна сыйлы болған атағын, тартқан азабын, кешкен зардабын ескерген төл тарихымыз бер ұлттық руханиятыныздан бүгінде ешкім бөліп жара алмайды, себебі олар халқымен біте

кайнасып кеткен ерен тұлғалар. Даны Шәкәрімнің баласы Ахат әкесі туралы былай жазады: «Шәкәрімнен артық адаптация жоқ болатын. Ол өмірінде балағат сөздер білген жоқ. Бірде бір адам оған ренжіп кеткен емес. Мен оның ұрыларды қолынан жетелеп жүріп ұрлықтан бас тартуға үйреткенін көзім көрді» [5]. Осылай тұлғалық қасиеті гуманистік сарындарға толы тұлғалар туындыларынан алғын пайдалы бағдарымыз мол болмақ. Даналар танымынан біздің аңғаратынымыз қашанда халқының басына қандай күн туса да, рухани жағынан кемелденуге шақырғандығында болып отыр. Сондыктан да халқымыз әр заманының кесек тұлғаларының өзін, олардың қыл қаламынан туындаған шығармасын, сол шығармасының өзегіне айналған өміршеш идеяларын қашанда қастерлеген.

Корыта айтқанда, қазақтың зияллыларының сарқылмас қазынасы – шығармашылығы мен оның дүниетанымындағы діни танымы мен діни сана мәселелері ғасырлар мен уақыт етсе де өз құндылықтың байлығын жоғалтқан емес. Дарын иелерінің мол мұрасын зерттеп, оның қыры мен сырын ашуда, қазіргі дамып келе жатқан ғылымдардың көп салаларында қолданысқа ие болып, жалпы қазақ мәдениетінің әрі қарай дамуына өз ықпалын тигізбек.

Әдебиеттер

- 1 Қарааш F. Замана. – Алматы: Ғылым, 1994. – 240 б.
- 2 Мәшиүр-Жүсін Көпееев. «Ай мен күндей һәммага бірдей», – демегеннің мағынасы // Ақырат. – 1994. – № 4. – 38 б.
- 3 Мәшиүр Жүсін Көпейұлы. Баянауылдан / Шығармалары. 13 том. – Павлодар: Эко ФФФ, 2008. – 329 б.
- 4 Ахметова Г. М.Ж. Көпееев шығармашылығындағы діни-этикалық ойлар. – Павлодар, 2005. – 126 б.
- 5 Сыдықов Е.Б. Шәкәрім: ғылыми-танымдық басылым. – Алматы, ҚР БФМ ФК ФСДИ, 2013. – 7 б.

Резюме

Нуров М.М. Смысл и значение религиозного мировоззрения казахской интеллигии

В статье автор раскрывает особенности религиозных взглядов представителей казахской интеллигии в начале XX в. Вместе с тем, показывает значение их наследия для укрепления духовных ценностей современного казахстанского общества.

Summary

Nurov M.M. The Meaning and Significance of Religious Worldview of Kazakh Intelligentsia

In his article the author discloses features of the religious views of representatives of Kazakh intellectuals at the beginning of XX century. At the same time shows the value of their heritage to strengthening of spiritual wealth of contemporary Kazakh society.



**Кулсия Қоңырбаева – Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрлігі
Ғылым Комитеті Философия,
саясаттану және дінтану институты (Алматы)**

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢҒЫРУЛАР

Аннотация. Мақалада ұлттың ізгілікті қасиеттерін алға өрлеңуші құндылықтар жүйесі қытайдағы қазақтарда өнегеллік түрғыда жетіле түскендейі анықталған. Еңбекінен пайда табу үшін адам өзінің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға ұмтылатындығынан, қытайдағы қазақтардың да ғылымды игеруде біршама жетістіктерге жеткендігі айшықталады. Жаңа мәдени-әлеуметтік кеңістікте шығармашылыққа жаңа жолдар ашылып, өзгерген әлемде қазақтарға тән бұрынғы құрсаулықтар түбірінен өзгеріп, заманауи түрғыдан прогресшіл қадамдардың жасалынғаны пайымдалады.

Түйін сөздер: құндылықтар, жаһаншылдық, рухани бастаулар, руханилық, сана, діни сана, мәдениет, мақсаттылық.

Әлем жаһаншылдықтың тар дүниетанымы түрғысынан – есеп заңдылығымен басқарылатын компьютер іспетті. Олардың құндылықтар әлемі негізінен дүниеге көзқарасы түрғысынан – жалаңаш мақсаттылық, пайданы көздеу, ақылды құлық жолына жұмысай. Ал нағыз адамдық мақсат пен адамдардағы рухани бастаулардың құндылықтық дамуына қатысты, ғаламдық көлемдегі даралық түбекейлі өзгерулердің жанында көңіл аударуға тұрмайтын мәселелер ретінде айналып өтеді. Екі түрлі қоғамда өмір кешіп жатқан бір ұлт өкілдерінің біртұтас мәдениетті қалай жаңғыртып жатқандығы жөнінде акпараттар жабық болып келгендейтін әсіреле рухани құндылықтар жөнінде зерттеулер жүргізуге мүмкіндік шектеуіл болды. Бұғінгі таңда тәжірибе алмасу, озығынан үйрену мен жаманынан жиренуге ұлттымыздың болашақ рухани-мәдени дамуына ізгілікті ықпал ететін мүмкіндіктер ашылып отыр.

Қазіргі кезде ШҰАР аймағында жалпы халықтың 7,4% құрай отырып, хансу мен ұйғырлардан кейінгі үшінші орынды қазақтар алады [1]. Халықтың санын тууды шектеу арқылы азайтуды көздейтін қытай елінде қазақтардың енбекке жарамды бөлігінің саны кемуде. Жас отбасыларда бала саны үшеуден артық болмауы салдарынан қазақтардың табыс табушы бөлігінің жастарының ұлғайғандығы байқалады. Қазақ этносы өмір

сүріп отырған ортасында ханзу, дұңған, ұйғыр және т.б. көптеген ұлттардан өздеріне ғана тән ерекшеліктерін сақтай білген. Тарихи отанына туысшылап барыс-келіс жасап, қонаққа келгендері болмаса, көпшілігі сол байырғы жерлерінде тұрып жатыр. Заманауи ақпараттық технологиялардың арқасында олар біздің мәдени өміріміздегі өзгерістерден күнбе-күн хабардар. Қазақстандағы жаңа шыққан әндөр айтылып, күйлер тартылып, фильмдер жүріп жатады. Шыңжаң қазақтарының әдет-ғұрыптары байырғы қалпында өзгеріссіз сақталған. Сәбидің дүниеге келуіне байланысты оны бесікке бөлу, тұсау кесердің салт-жоралғы, ырымдары мұндағы қазақтардікінен өзгешелігі шамалы. Ұлттық мәдениеттің жаңғырулары мәдени өміріміздің тек қана дәстүрлі-этникалық түрге оралуы ғана емес. Оның негізгі көзделегені қазіргі кезең мәдениетін ұлттық мазмұнмен толықтыру, жалпыадамзаттық мәдениетте өзінің ерекшелігімен, бірегейлігімен өз бетімен дамуға және өзара әрекеттесуге қабілетті біртұтас жүйенің жағдайы мен тетіктерін қалыптастыру болып табылады. Әрине, қытай елінде ықпалдастықсыз таза күйінде даму мүмкін емес. Қытай мемлекеті тарапынан аз санды ұлттарды өзімізben жетелеп, жетілдіріп, көгертеміз деген қаулылар қабылданып жатыны шындық. Өкінішке орай шынайы өмірдің қатыгез заңдылығының басқаша екендігін сол елден оралған жазушы-ғалымның көзben көріп, көкейге түйгендері бойынша мулдем басқа екенін бағамдайсыз. «Миллиардтар елінде ұлы теңіздің жалғыз тамшысындағы ғанамыз. Гранит тастай берік, жарқыраған меруерттей асыл болсаң да су жалай-жалай өзіне айналдырып әкетеді» – деген теңеу сөзі, ондағы қазақтардың тағдыр-тәлейінің болашағын меңзей көрсетеді [2]. Аланнанарлық мәселелердің ең бастысы тіл мәселесіне келетін болсақ, Шыңжандағы қазақтардың арасында қос тілдік орта қалыптасқан. Оған қазақ мектептерінің азаюы мен аралас некенің көбеюі тікелей жағдай туғызып отыр. Бұл этникалық келбеттің өзгеруіне соқтырары сөзсіз. Егер осы үдеріс ері қарай бірнеше үрпақта жалғасып жатса, онда қытай тілінің күш алып кетері әбден мүмкін. Қазіргі кезеңдегі экономикалық дамуда өндірістерге білімді жастарды талап еткендіктен оқу негізінде қытай тілінде жүргізіледі. Осы үрдіс ары қарай белен алса этностың әлеуметтік топтары арасында жат мәдениет пен тілді игергендер мен қазақи ортада өскендер және қала мен қыстақ арасында жатсындар пайда болады. Дегенмен, бұл бірден көрініс табатын үдеріс емес. Ол біртіндең біртұтас ұлттың ыдыратады. Ол үдеріс әсіресе ханзулар елінде өте тез қарқын алуына мүмкіндік мол. Мысалға бір кездері Қытай елін бірнеше ғасыр билеген манжурларды алсақ та жеткілікті. Ақырында тілі де, өзі де жұтылып кеткен.

Ал әлем елдері әлдекашан өтіп алған интернет сайttар, қазақ тілінде енді ғана жайыла бастағаны аян. Бүгінгі таңда сапасы мен жылдамдығы жағынан дес бермейтін қазақ тілді сайttардың саны артуда. Қазақ сайttарының оқырмандары ауылды жерлер мен қазақтар тығыз орналасқан аудандарда

In XV–XVI ages, there are two big country *Shirvanshahs* and *Safavid*. Before *Safavid* there are *Akkoyunlu* and *Karakoyunlu* countries. However, *Safavid* occupied all these countries under control *King Ismail*. *King Ismail* has used in him political view from shih faith and they had called “*Kizilbashlar*” (meaning is that they had wear Islamic hat what under hat were 12 red stripes and these 12 stripes symbolize 12 imams in Shih believe). *King Ismail* was 14 years old when he became king and managed small country in 1501 years. Then *Ismail* had linked all lands of Azerbaijan. *Safavid* Empire surrounded itself the Southern and Northern Azerbaijan, the Eastern Anatolia and Iraq, the Eastern Afghanistan and even the Southern Georgia.

In period of *Sefevi* Empire were active religious schools and medreses. In these educational structures studied Islamic law, math, logic, philosophy, astronomy and other religious and nature sciences [28]. Moreover, it increased role of Turkish language in this time. For example, king of *Akkoyunlu Uzun Hasan* have been translated Koran to Turkish language [29].

Period of khans is very significant for Azerbaijan history. This period surround approximately 150 years of history of Azerbaijan. In this period were famous with these cultural centers as *Baku*, *Shaky*, *Nakchivan*, *Gange*, *Shusha*, *Shamaky*, *Tabriz*, *Ardabil*, *Lenkaran* and *Quba*. At the same time, these cites were capital of these small countries. In these regions were wealthier with their agricultural and cultural diversity. For instance, in *Garabag* were kept care especial kind of horses, in *Derbend*, *Guba* and *Baku* was grew saffron. In *Shaky*, *Shirvan*, *Gange* and *Nakchivan* were center of silk industry. In this period oil digging activity was observed in *Baku* and oil wells have been drilled by workers with hand. Craft works diffused in *Baskal*, *Muci* and *Lahic* villages. It is possible to say that carpet and pottery craft works diffused in every region of Azerbaijan [30]. It was possible to observe this development in all spheres. Poetry, craft works, literature and folklore had developed in period of Khans. It is protected these cultural examples to nowadays.

In period of Khans, educational activities had managed by religious persons. As a being before, again children studied in religious schools what called *Mekteb* or *medrese*. Children had gone to school when they were 10 years old and this activity continued all their life. Then they continued in medrese their education. In this time wealthy family had studied their children in themselves houses and villas. It was force to study Koran for Muslim children. However, children from poor family studied in religious schools and medreses. Educational structures established in cities [31]. In this period, to be teacher (*Muderris* in Arabic) was honorable work for everybody. *Muderris* teaches students Arabic and basic of Islam (*Firu id-Din*). At the same time, teachers have been called *Molla*, *Akhund* and *Mektebdar*. Even, these persons managed charity structures and they gave information about religious stories in mosques in every Friday [32]. Shih Muslims called religious person as

“Akhund”, Sunni Muslims called their “Efendi”. These persons can give religious order; celebrate religious ceremony and other religious programs [33]. In period of Khans, “Emri- bil-maruf, nehyi an-il munker” (Command goods, forbid badly) was one of duties of religious persons [34]. This was one of important duties in this time. This duty is known in Islamic history as structure of “mutesib” [35].

Islam in Azerbaijan in period of Russian Imperia

In period of Russian collonializm in Azerbaijan is characterized by historians from different aspects. Generally, Russian Imperia started occupied Azerbaijan lands from 1805 years under commando of *General Sisyanov*. Occupation actions ended with Iranian and Russian war 1828 years. Fourteen small countries of Azerbaijan we called these countries *Khanliks* step by step were occupied by Russian Imperia. Thus, all Azerbaijan lost independency and these lands have been managed by Russian Imperia. But, it is interesting for us there Islamic life. Russian imperialists started realizing new social, political, cultural, national and religious approaches in Azerbaijan. Russian imperialists have been built new religious structures for Shih and Sunni Muslims, these structures were different each others. All religious duties were shared by these imperialists and they gave their salary. Even, Russian regime kept under control all religious and social-cultural publishing resources [36].

Historian *Bakianov* emphasized that Russian regime used from religious situations. They gave religious persons useful lands, salary, military title and other service medals [37]. Russian imperialists were exhausted from enlighten of peoples and getting education in their national spirituality [38]. However, they were force to give education to some parts of people. Contrast, they could not realize political approaches without educate persons for working in state structures. However, Azerbaijan people can find ways of integration to Europe culture for utilizing Russian educational system. They allowed to Muslim populations to get education only in themselves language. Even, they forced people to making it [39]. Between 1850–1917 years there were two type schools. One of them was for colonialists children, other was for Azerbaijani children. Certainly, these schools were in Russian language. They tried to prepare stuffs for translation service and military system [40]. Moreover, historian *Ziya Bunyadov* emphasizes that there were many different types schools in these time in Azerbaijan which was opened by Imperialists in 50th years of XIX century. He says that there were 299 schools and medreses in Azerbaijan [41].

At the time, Russian occupation has caused to development of local capitalist system of Azerbaijan with these actions. This educational politic found out small intellectual group. This intellectual group together coming new thought from Turkey tried to reform and change Islamic life and they wanted to bring new values, thoughts and culture from Europe. Some groups wanted to make religious reform [42]. Sound of national consciousness of Turkish population who lived in Russian territory had diffused all regions of Russian Imperia. This national consciousness movement is known as a “*new method*” (in Arabic “usuli-cedid”) or “*innovation*”.

We can indicate there some reformists who acted in Russia, for example Əbdunnasr Kursavi, *Shehabəddin Mercani, Kuyum Nasiri, and Musa Carullah Bigiyev and Huseyn Feyzihan* [43]. Krimian tatar *Ismail Kasprali* who was one of leaders of this movement and he wished to diffuse these new thoughts and changes around of Russian Muslims [44]. Certainly, these persons tried to gain again loosen power of Islamic world with utilizing European culture and technology [45].

It is known that had been influenced people from these intelligentsias. Especially, we can emphasize there *Ismail Kasprali* and his influence to Azerbaijani intelligence. For it, Baku overturned educational innovative centre in 1905 years [46]. First innovative school was opened by *Seyyid Azim Shirvani* who was Azerbaijani poet and author of many works. Then these schools were continued by *Mirze Rza, Molla Ibrahim Halil, Molla Ebuhasan and Mirze Ismail Kudsi*. For these reasons, it was developed industry and social life of Azerbaijan, at the same time religious life on correct direction [47]. Moreover, these people achieved to share really religion from superstition and radicalism. In this direction, Azerbaijani poets and philosophers devoted themselves works to these problems. They struggled with superstition and radicalism, since religious persons did not diffuse religious instructions correctly.

But, then Russian imperialists appreciated false right objections of intelligentsias of Azerbaijan contrast to superstition and radicalism. And they utilized in themselves politic approaches from these moments in direction of cleaning absolutely national-spiritual and religious values in Azerbaijan. They wanted to hinder national and religious consciousness of Azerbaijani Muslims.

Islam in Period of the Independent Republic of Azerbaijan

Then, it started new period which we call to this period the independent republica of Azerbaijan. First independent republic in Azerbaijan was created by *Muhammed Emin Resulzadeh* in 1918 years. This country was first republic in The East. However, there are many different important actions and accidents in history of democratic republic of Azerbaijan. Baku State University was one of them and opened in 1919 years by *Muhammed Emin Resulzade*. History of the democratic republic of Azerbaijan is honorable for Azerbaijani people who live every places of the world. Islam was mainly religion of the democratic republic of Azerbaijan. Sheyhul-Islam was leader of Muslims of Azerbaijan and he managed all religious structures; medreses and religious schools [48]. But this republic had continued 23 months. The democratic republic of Azerbaijan was occupied by The Soviet Army.

Islam in Soviet Azerbaijan

There are two aspects of Soviet period for Azerbaijan. We can appreciate these aspects both good and bad. Good side is that Azerbaijan gained success in all spheres; especially in education, science and culture. But Islamic life was under control of Soviet regime. Mosques and religious schools were closed by Bolsheviks [49]. Generally, it was realized strangle with Islam step by step. It is possible to share two stages this period before II World War.

I Stage (1920–1928): Preparation period of strangle with Islam.

II Stage (1928–1941): Ideological and practical attack period to Islam [50].

It is accepted new constitution of Soviet Socialist Republic of Azerbaijan in 19 May 1921 years. It was noted there: “*It is shared religion from state and education, with goal of contributes conscience freedom of citizens. However, is given religious convection freedom to citizens*” [51]. We can say that this movement was contrast to religion and they made these under the religious convection. First propaganda contrast to Islam started in 1922 years. Then, it was established commission called “*Commission contrast to religion*” in 8 January 1924 years. Moreover, it is created clubs that called “*Clubs of Irresolute Persons*” and “*Assembly offighter Irresolute Persons*” [52]. These structures were opened in every towards of Azerbaijan. These organizations planed many different programs for future [53]. There are 3000 members of these organizations in Azerbaijan in 1930 years. In 1931 years their counts were 70000 and they were mainly workers [54]. However, these actions became week in years of II World War period. But, it has changed situation comparatively after II World War. Now situation developed in other direction. It continued strangle to Islam with all power.

In these years were opened many mosques, forbidden national holidays *Novruz* and religious holydays *Kurban* and *Ramadan* [55]. It was noted that there were around 1500 mosques in all Azerbaijan. But there are 17 mosques in 1930 years. All these mosques have been destroyed by irresolute persons. From 17 mosques 11 were belonging to *Shih* Muslims, two mosques were belonging to *Sunni* Muslims. Other mosques were belonging for all Muslims.

Moreover, police underground organizations did not give quarter to Muslims for normal life. They could not pray and go to the religious temples and mosques. They realized all these under meaning of strangle with religious superstition and radicalism [56]. However, people did not give importance to their movements and they continued to visit to sacral places and fulfill themselves prays. And from these reasons, Azerbaijan people can protect themselves religious and cultural values. But, certainly all these movements happened in confidential situations. In this situation, how we can protect our religious and cultural values? Contrast, they created reasonable conditions for developing of religious superstition in Azerbaijan. Thus, they looked to religion as superstition and *mollas* (religious person) as lying persons. They created it for falling into a disgrace of people. This situation had continued to 1990 years.

Islam in Contemporary Azerbaijan

It was possible to observe such situation fist years of independent Azerbaijan, too. Because, there were economical, spiritual and national empty in Azerbaijan society in 1990 years. Certainly, all world could observe this situation and they thought that how they can use from this situation for their political and economical policy. We can indicate such approach both for The West and The East. Since, they were interested to spread themselves ideology for assimilating society. Of course that, they had some desires, their mainly intention is that using these situations

spread themselves false and dangers thought around the people. Even, I can say that, they have succeeded in some circumstance for themselves ideological struggle.

We can divide these fundamentalist movements two direction:

- Fundamentalist movements from Islamic world
- Fundamentalist movements from The West, Christianity world.

Also, I would like to indicate that, it is possible to divide Islamic and Christianity fundamentalism either two part;

1. Moderate fundamentalism

2. Fanatic and radical fundamentalism.

Moderate fundamentalists try to live themselves religion and spread around other society these values. They try to do this mission with rudeness and roughness to others. However, other group fundamentalist movements do not pay attention such circumstance and they every time insult others values. For example, the end times burning Korans by monk or drawing caricature of Prophet Mohammed, it is examples for it. At the same time, it is possible to indicate familiar situation for Wahabi Muslims. It is true that, such Muslims and Christians forget all spiritual values, but both Christianity and Islam suggest to humanity peace and love.

I would like to note that it is possible to see actions of fundamentalist groups and organizations from The Near East especially, from Turkey, Iran, Saudi Arabia, Libya, Qatar, UEA, Kuwait and Jordan. They were active between 1993 and 2002 and they built numerous mosques and madrasah in different regions of Azerbaijan. They used from social problems of people, whose they were in want, too. Especially, they have acted in educational sphere; they have built some different madrasah (religious educational schools) in variety towards of Azerbaijan regions.

Certainly, there were some Wahabis organizations around of these movements which come from Saudi Arabia, Qatar, Kuwait and Jordan. However, some of them promoted Wahabi ideas; they were restricted in their activity after 1998 in Azerbaijan. However, those groups, which live within the law, have been continue their activities unimpeded, including the formation of religious training schools in Azerbaijan and chance for Azerbaijanis to study abroad.

Also, it needs to note about **fundamentalist Shie movements** of Iran in Azerbaijan. I can say that, according to being *shie* 65 % population of Azerbaijan, it is possible to show obvious influence of *shies* fundamentalism of Iran in Azerbaijan. Especially, these *shie* religious movements fulfill themselves political and religious ideologies in the South-East Azerbaijan; in Baku, Lenkeran, Masalli, Yardimli, Salyan, Shirvan and other central and western regions of Azerbaijan. According to researches, these *shie* movements act illegally in Azerbaijan in madrasah inside of mosques [57].

Shies religious movements realize political missions of Iran in Azerbaijan. Certainly, government of Azerbaijan struggle with these religious movements. From these reasons government have closed some mosques belong *Shie* Muslims. Since, government of Iran tries to impact to political volition of Azerbaijan by meaning these religious movements.

Moreover, there are some religious and humanitarian organizations from Turkey which show activity in Azerbaijan, too. They especially act in educational and humanitarian spheres. However, these educational and humanitarian organizations belong to Sufi movements which they are built by prominent *Sufi Tarrigah* as a *Nakshibandiyye*, *Suleymaniyye*, *Nur Cemaah* and others. These religious and spiritual movements build some secular schools, charitable organizations and preparation courses for entering to university. By the way, these organizations gain confidence of people in Azerbaijan. These educational and charitable organizations realize themselves missions especially in The North regions of Azerbaijan [58].

Moreover, according to information of Religious Committee of Azerbaijan, it is possible to observe both fundamentalist movements in Azerbaijan. Christian religious organizations as an *Adventists*, *50. Days Christians*, *Attesters of Yahweh* and other groups and organizations show activity in Azerbaijan and they try to breathe Christianity, for this, they use different ways. They have used from social problems of people, whose they were in want. These groups try to open language learning centre in different regions of Azerbaijan, especially in capital of Azerbaijan Baku. At the same time, *Evangelist Christians* have built church in centre of Baku. The Adventists act widely in Ganges, Sumgait and Baku [59].

Conclusion

In final of this research we can emphasize that there is significant place of Azerbaijan in history of Islam. We can observe all these in different stages of Islamic history. Since, Azerbaijan had played importance role in develop of this culture. Azerbaijan overturned to carrier of Islamic culture, but it realized with protecting national values: Turkish customs and Islamic faith.

References

- 1 *Ziya Bunyadov*. History of Azerbaijan, Baku, 1994, p. 25; *Sara Ashurbekli*. State of Shirvanshahs, Baku, 1997, p. 42.
- 2 “Idolatry” ASE, Baku, 1978, II, s. 380; Zakir. S. Memmedov, Philosophicla Thought in XI–XIII ages in Azerbaijan, Baku, 1978, p. 9–10.
- 3 Look for widely information: Peter B. Golden, Constantine Zuckerman and Ananiasz Zajaczkowski, Khazars and Juaduism, Osman Karatay (Pre.), Corum, 2005.
- 4 *Z. Bunyadov*, History of Azerbaijan , p.160
- 5 *Z. Bunyadov*, History of Azerbaijan , p.204
- 6 “Christiantity”, ASE, Baku: 1987, p. 10, p. 106–107.
- 7 *İ.Kafesoglu*, The Ancient Turkish Religion, Ankara: Publish of Ministry of Culture, 1980, p. 59–60; Look: Hikmet Tanyu, History of Turkish Religion,, İstanbul: Turkish Culture Kültür, 1978; Look: İbn Fadlan, Letter about Travell, p. 63.
- 8 *Cahid Baltaci*, Religious schools (Medrese) of The Ottoman in XV-XVI ages, İstanbul, İrfan. 1976, p. 1.
- 9 *Abu Cafer Muhammed bin Cerir et-Teberi*, History of Tebery, p. 489.
- 10 *Abbasqulu Aga Bakıhanov*, Gulustani-İrem, Baki: “Mumin”, 2001, p. 64–65.
- 11 *Said Nefisi*, Babek, Mahmut Ayaz (trans.), İstanbul: 1998, p. 125–137.

- 12 Z.Bunyadov, History of Azerbaijan, p. 237.
- 13 Baltaci, Religious schools (Medrese) of The Ottoman in XV–XVI ages, p. 4: Look for wide information: Kabisi, Ebu'l Hasan Ali B. Muhammed, Wide Letter about teacher and students in Islam, Suleyman Atesh, R.Oymen (trans.), Ankara: 1966, p. 57–58.
- 14 Pənah Mahmudov, Modern Ideology and Religion, Baku: 1998, p. 56–60.
- 15 Səhihi-Buxari, Salat, 58.
- 16 H.Ibrahim Hasan, History of Islam, II, Istanbul: Kayhan Yay, 1991, p. 209.
- 17 Bakihanov, Gulustani-Irem, p. 60.
- 18 Baltaci, Religious schools (Medrese) of The Ottoman in XV-XVI ages, p. 6; look: Subki, Ebu Nasır b. Abdu'l Vahhab, Tabakatu's- Şafiiyye, Kahire: 1324, C.1, p.137;
- 19 Naila Velixanli, Arabic Khilafet and Azerbaijan, Baku: Azerneshr, 1993, p.60
- 20 Bakihanov, Gulustani-Irem, p. 77.
- 21 Oqtay Sadigov, "About Philosophical Aspects of Islamic Thought", Kanun, C.XIX, Baku: 1 May 1986, p. 32–33.
- 22 Osman Turan, History of Seljuk and Culture of Turk-Islam, Istanbul: 1969, p. 258.
- 23 Seyfeddin Gəeniyyev and Mensure Ismayilova, Schools of Shamaky, V. 1, Ozan, Baku,1999, p. 11.
- 24 Y. Mahmudov, Travelers come to Azerbaijan, Baku: 1977, p. 138.
- 25 Hasan Kamil Yilmaz, Tasavvuf and Tarikats with basically stripes, 10.Publish, Istanbul: Ensar. 2004, p. 248.
- 26 Ahmed Ceferzade, Seyfəddin Kaniyev, Rafik Alishov və Sarvan Resulov, Shamaky, Baku: 1994, p. 111; Look wide information: Evliya Celebi, Seyahetname, Mehmet Zillioglu, V. 7, Istanbul:1985, p. 466–471.
- 27 Sabir Hasanli, Period of Azerbaijan “Science houses” and Medrese as scientifically centers, Islamic Culture in Azerbaijan, Istanbul: 2000, p. 15.
- 28 Z. Bunyadov, History of Azerbaijan, p. 345.
- 29 Nasib Nasibli, “Problems of National Identity of Azerbaijan”, Eurasia File, Spring 2001, No 1, p. 135.
- 30 Z. Bunyadov, History of Azerbaijan, p. 554–555.
- 31 Z. Bunyadov and Y.B. Yusifov, History of Azerbaijan, Baku: Azerbaijan State Publish, 1994, p. 558–559.
- 32 Abbaskulu Aga Bakihanov, Soçinenie, Zapiski, Pisma, Baku: 1985, p. 140.
- 33 Rəsul Huseyinli, Spirituality of Azerbaijan ending of XVII ages and starting of XIX, Baku: 1996, p. 5.
- 34 Bakihanov, Gulustani-Irem, p. 136.
- 35 Look: Ziya Kazıcı, Structure of İhtisab in The Ottoman Imperia, Istanbul: 1987.
- 36 Ira M.Lapidus, Islamic World in Process of Modernism, I.Safa Ustun (trans.), Istanbul: 1996, p. 270.
- 37 E.M.Ahmedov, Abbasaga Bakihanov and his worldview, Baku: 1967, V. 1, p. 56
- 38 Nazim Ceferov, From History of National-Social Thought, Baku: Azerbaijan State Publish., 1993, p. 79.
- 39 Memmed. Emin Resulzade, Formulating of Azerbaijan Republic, p. 20–21.
- 40 Philip G. Altbach and Gail P.Kelly, Colonialism and Education, Ibrahim Kalin (trans.), Istanbul: Insan Publish, 1991, p. 11–15.
- 41 Z.Bunyadov, History of Azerbaijan, p. 590–591.

- 42 Lapidus, Islamic World in Process of Modernism, p. 276.
- 43 Akdes Nimet Kurat, Period of Cultural Consciousness of Kazan Turks, Journal of Faculty of History and Geography of Ankara University, XXIV, No-3–4, December 1966, p. 101.
- 44 Edward S. Lazzerini, “Gaspirali İsmail Bek: Modernism and Russians”, Yonca Anzerlioglu (trans.), Jurnal of Turkish Day, No 50, Mart-April 1998, p. 201.
- 45 Ahmet Kanlıdere, “Innovative Movement Around of Kazan Tatars (1809–1917)”, Journal of Turkish Day, No-46, 1997, p. 94.
- 46 Lapidus, Islamic World in Process of Modernism, p. 278.
- 47 Erol Kaymak, Sultan Galiev and Internationals of Colonialists. – Istanbul, 1993. – P. 76–77.
- 48 Bala Muhammedzade Mirze, National Azerbaijan Movement- National Azerbaijan People Organization “Musavat”. – Berlin, 1938. – P. 174–176.
- 49 Goyushov A, “Political Approaches of Soviet Regime to Azerbaijan», Baku, 1994. – P. 10.
- 50 Seyfettin Ershahin. Islam and Muslims in Turkistan. – Ankara: 1999. – P.143.
- 51 Constitution of the Republic of Azerbaijan, Punct 4. – Baku, 1994.
- 52 М.Кобетский, Безбожие среди Sredi Патсионалнатей СССР. – Москва: 1940, ст. 260.
- 53 Клинин Б. Динамика Роста в Сословна Состава СБС, Москва: 1937, ст. 346.
- 54 A.Goyushov, p. 7.
- 55 A.Goyushov, p. 6–7.
- 56 Bennigsen, Alexandre ve C.Lemercier-Quelqucjay, Sounds of Ezan in Step, Nezih Uzel (trans.). – Ankara: 1981. – P. 208–209.
- 57 Elsevar Samadov, Relationship between State and Religion , Religious Education in Azerbaijan. – Baku, Teknur Press, 2009. – P. 138–149.
- 58 Elsevar Samadov, Christianity and Islamic Fundamentalism: Comparative analysis, “Scientific Works”. – Baku, No: 1(15). – P. 220–229.
- 59 Elsevar Samadov, Fundamentalism in history of Christian Social thought: main point, directions of idea and political, “Scientific Works”, No: 1(14), 2010, p. 43–55.

Түйін

Элсевар Самадов. Әзіrbайжандағы Ислам

Мақалада автор ислам дінінің Әзіrbайжандағы шығу тарихы мен даму үрдісін талдай келе, Әзіrbайжанның ислам дінінің рухани-сенімдік және мәдени мұрасына көп үлес қосқанын атап көрсетуде.

Резюме

Элсевар Самадов. Ислам в Азербайджане

В статье автор, анализируя историю возникновения и развития исламской религии в Азербайджане, отмечает, что Азербайджан внес существенный вклад в духовное и культурное наследие ислама в кавказском регионе, сочетая тюркские традиции и исламскую веру.

**Алау Әділбаев – Нұр-Мұбәрак Египет
ислам мәдениеті университеті (Алматы)**

ХАНАФИ МӘЗНӘБЫНЫҢ ҮКІМ ШЫҒАРУДА ҚОЛДАНҒАН «ИСТИХСАН» ӘДІСІ

Аннотация. Ислам құқығында сунниттік ханафи мәзһабының орны ерекше. Ислам құқығына қатысты фиқі ілімінің қалыптасып-дамуы Имам Ағзам Әбу Ханифа және ханафи мәзһабына тікелей қатысты болып табылады. Ислам шариғатының үкімдері негізінен Құран кәрім және пайғамбар сұннетінен алынады. Алайда Құран мен сұннетте үкімі айтылмаған мәселелердің түйінін ширағаттың шенберінде шеше білу мәселесі мұсылман құқықтанушыларын толғандырған жайлардың біріне айналды. Һижра жыл санауды бойынша II ғасырдан бастап шариғат дәлелдері арасында өзара реттіліктің құрылуы мен құқықтық әдіснамасын таныттынын терминдер бірте-бірте қалыптаса бастады. Осындай терминдердің бірі – истихсан. Бұл терминді ең алғаш қолданып, үкім шығару жолында жүйелі түрде қолданған мұжтахид-ғалым – Әбу Ханифа. Мақалада ханафи ғалымдарының қолданған осы истихсан әдіснамасы жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: Ханафи мәзһабы, құқық әдіснамасы, истихсан, фиқі ілімі, ижтихад

Ислам діні мәселелерді діни әрі дүниелік деп бір бірінен бөлек емес біртұстасық шенберінде қарастырады. Ислам шариғатының негізгі мақсаты Жаратқан Ҳақ тағаланың адамдарға деген рақымдылығына сүйенеді [1] Жалпылай алғанда Ислам дінінің үкімдері мына үш негізді орнықтыруға бағытталған:

1. Жеке тұлғаны мінез-құлқы мен тәрбие тұрғысынан жетілдіріп, кемелдендіру;
2. Мұсылман қоғамында әділеттілікті орнату. Бұл мұсылмандардың өзара қарым-қатынасымен қатар олардың өзге дін өкілдерімен де қарым-қатынасында көрініс табады. Исламда әділдік ең жоғарғы мақсат болып табылады;
3. Ислам құқығының мақсат еткен үшінші негізгі мәселесі – қоғам пайдасы. Құран мен сұннеттің бұйырған нәрсelerінің бәрінің астарына үңілгенде бұған айқын түрде көз жеткізе аламыз.

Ислам дінінің негізгі қайнаркөзі болып табылатын Құран кәрім мен Пайғамбар сұннетінде адамның сенімі, мінез-құлқы, құлшылықтары, тұрмыстағы өзара қарым-қатынастары мен құқықтары жалпы қагидалар шенберінде қарастырылған. Алайда, қандай да бір мәселеге қатысты үкім шығарылатын кезде қандай әдіс-тәсіл қолдану керектігі егжей-тегжейлі баяндалмай, адам

баласының ақыл-парасатын қолдана отырып шешуіне үлкен алаң қалдырған. Сондықтан да Ислам діннің негізгі қайнаркөздері мен олардан құқықтық нормаларды белгілеу әдіснамасы мұсылман ғалымдарын толғандырған күрделі мәселелердің бірі болды. Олар туындаған қандай да бір мәселеге қатысты үкім шығара білу жолында негізгі қайнаркөздерден ауытқымай сол мәселені дұрыс бағамдап, жағдайға сай шешуге үлкен күш-қайрат жұмысашаған.

Осы орайда, Ислам әлемінде II ғасырдан бастап қалыптаса бастаған фиқіх мектептері, фиқіх негіздері мен әдіснамасына қатысты жазыла бастаған кітаптар құқықтық ой жүйесін реттеу, олардың өз ішінде қисындылығын қадағалау, ауызша жалғасып келе жатқан мұраларды қағазға түсіру әрекеттерінің тарихи мәні зор. Осы кезеңдерден бастап дәлелдер арасында өзара реттіліктің құрылуы мен әдіснамасын танытатын терминдер бірте-бірте қалыптаса бастады. Осындай ерте кезеңде қарастырыла бастаған терминдердің бірі – тақырыбымызға өзек етіп отырған «истихсан» ұғымы. «Истихсан» сөзінің тілдік мағынасы пайда болған мәселенің үкімін жөн көріп, дұрыс деп білуге саяды. «Зұмәр» сүресіндегі

فَبَشِّرْ عِبَادٍ {17} الَّذِينَ يَسْتَمْعُونَ الْقَوْلَ فَيَنْتَهُونَ أَحْسَنَهُ

«Сөзге құлақ салып, ең жақсысына ілесетін құлдарымды қуант..!» [2], – деген аяттағы «ең жақсысына» деген сөз истихсан сөзінің «ахсан» деген түбірінен шыққан. Олай болса, «истихсан» дегеніміз ең жақсысы деген мағына білдіреді.

Ал истихсан сөзінің фиқітағы терминдік мағынасына келер болсақ, ол мұжтәхидтің қандай да бір мәселеге қатысты, осыған ұқсас екінші бір мәселеге үкім берерде Құран, хадис, ижма, зәрулік, жасырын қияс, әдет-ғұрып секілді дәлелдерге сүйеніп, алғашқы үкімді тастанап, одан күштірек екінші бір үкімді алуын айтады [3]. Мысалы, әлдебір діни мәселе жалпылықты білдіретін аят-хадистердің бірінің немесе фиқіта, яки, кейбір мәзінністердің қалыптасқан негізгі қағидағын аясына кіреді. Бірақ, осы мәселеге қатысты жалпылама мән-мағынаны қамтитын насс (аят-хадис) пен өздері бекіткен негізгі қағидаға қайшы үкім беруді қажет еткен насс, ижма, зәрулік, әдет-ғұрып, маслахат (елдің игілігі) сияқты дәлелдер табылған жағдайда мұжтәхид ғалымның осы секілді мәселелерде әрдайым шешуші күші басым үкімінен бас тартып, жекелеген жағдайға қарай үкім беруі осы истихсанға жатады [4].

Жоғарыда айтып өткеніміздей хижра жыл санауы бойынша II ғасырдан бері истихсан мұсылман құқығында арнайы әдіс ретінде қолданыла бастаған болатын. Зерттеушілердің кебісі фиқіта ең алғаш осы истихсан терминін Әбу Ханифа қолданғандығын айтады [5].

Истихсан терминін сол кезеңде Әбу Ханифадан басқа да ғалымдар қолданған. Мысалы, Омар ибн Абдулазиз кезеңінде (99-101/717-720) Басраның қазылышқа лауазымын атқарған Иас ибн Мұғауия (нижри 122/740 ж. қайтыс болған): «Өнегелі халықтың мәселесін қияспен шешіндер, ал бұзылған халықтың мәселесін истихсанмен» [6], – деген екен. Муаффақ ибн Ахмад әл-Мекки Иастың бұл сөзін: «Қиястың нәтижесі дұрыс шешім болмаса, екі

көзқарастың ең дұрысын салыстыра отырып таңдаңдар (истихсан жасаңдар), осы таңдалғанын негізге алыңдар», – деп түсіндірген. Яғни, истихсанды жетекшілікке алуды дұрыс деп санаған. Иас ибн Мұғауия: «Сотта берілетін үкім, истихсан тәсілімен шығарылғаны дұрыс» [7] – деп, истихсан терминін фиқhtaғы Әбу Ханифаның қолданған тәсілімен тығыз байланыстырған. Алайда, ең алғаш истихсанды фиқhtaғы қағида ретінде қолданған – Әбу Ханифа.

Имам Ағзам истихсанды өте тиімді қолдана білген. Бұл жайында Имам Мұхаммед Әбу Ханифаның истихсан тәсілін қолдануда ақсан сұңғылалық танытқанын былай жеткізеді: «Онымен бірге қияспен шешілетін мәселелерді талқылайтынбыз. Ақықатқа жету үшін Имам Әбу Ханифага шәкірттері тарапынан түрлі дәлелдер ұсынылатын. Бірақ, Әбу Ханифа: «Мен истихсан жасадым» деген уақытта ешкім онымен таласа алмайтын, әрқайсысы өздерінің ұстанған дәлелдерін, көзқарастарын тастав, оның көзқарасымен келісетін». Бұдан біз оның қияс [8] дәлелінен кейін истихсанды қолданғандығын көреміз. Тіпті, истихсан тәсілін қабылдағысы келмеген, оған қарсы шықкан Имам Шағифидің (h. 204 ж.) өзі: «Былайғы ғалымдар қияс пен истихсан мәселесіне келгенде Әбу Ханифаның қасында әлі буыны бекіп, бұғанасы қатпаған сарыауыз балапан секілді» [9] – деп, оның бұл мәселеде алдына жан салмаған ғұламалығын мойындаған болатын. Мұнымен қоса, қандай да бір мәселені шешуде адамның басты тірегі білім болғандықтан, Имам Мәлік: «Истихсан – білімнің оннан тоғызы» [10], – деген еken. Имам Әбу Ханифа негізін салып кеткен истихсан тәсілін өзінен кейін келген шәкірттері де кең көлемде қолдана отырып, түйіні күрделі мәселелерді шешіп отырған.

Жалпы, ханафилер истихсанды екіге бөледі: а) Қияс истихсаны, ә) Сұннет, ижма және зәрулік истихсаны.

Қияс истихсаны

Бір мәселеге қатысты бір-біріне қарама-қайшы қиясты қажет ететін екі түрлі сипат болады. Осы сипаттардың бірі бірден байқалатын ашық болып келеді. Екіншісінің сипаты жасырын тұрады. Терминологияда истихсан дегеніміз осы. Осы мәселеге қатысты үкімге үңілген кезде фақиһ осы екі сипаттың да бір бағытта түйісетінін байқайды. Енді осы сипаттардың ашық-айқын боп келетіні сол мәселеге ұқсас жағдайлар үшін де қолданылады. Екіншісі жасырын тұрғандықтан, соған ұқсас мәселелерде үкімі жүрмейді. Осыған қатысты Шәмсул-әймма Сарахси: «Ақиқатында истихсан дегеніміз – екі түрлі қияс. Біреуі ашық, бірақ оның әсері әлсіз. Бұл қияс деп аталады. Екіншісі жасырын бірақ әсері күшті. Итихсан дегеніміз осы», – дейді.

Байқағанымыздай осы сипаттағы истихсан асхабур-рай [11] фақиhtaрының ижтихад тәсілдеріне толықтай сай келеді. Өйткені, олар үкімнің негізгі себебін діни мәтіндерден алады да, сол үкімдерді қиястағы секілді жалпы қағидаға айналдырады. Ал, кейде бір мәселеде екі себеп бір-біріне қайшы келіп қалады. Өйткені, осы екі сипатты да сол мәселеге қатысты алуға болады. Бірақ, біреуінің әсері әлсіз болғанымен, өзі айқын. Басқа соған ұқсас жағдайлар туындағанда да соның үкімі жүреді. Екіншісі – қуатты, бірақ жасырын тұрады. Өйткені, соған ұқсас жағдайларда оның үкімі жүрмейді.

Фақиһ нәтижесі қуатты болғанын таңдайды. Міне, истихсан дегеніміз осы. Негізінде, истихсан да қиясқа ұқсайды. Бірақ, қиястан бөлек. Қияс ұқсас мәселелерді салыстырады. Истихсан да өзара ұқсас мәселелерді салыстыра отырып жасалады, бірақ мұнымен бірге ұқсас үкімнің дәлел жағынан, түр жағынан күштірегі таңдалады. Имам әш-Шатибидің түсіндірғеніндей: «Истихсан бізде және Әбу Ханифада екі күшті дәлелдің ең күштісін таңдау арқылы жасалады», – деген [12].

Енді истихсаның осы екі түріне мысалдар келтіре кетейік.

Қияс истихсаны. Бұған жыртқыш құстардың ішken сұына қатысты үкімді мысалға келтіруге болады. Негізінен, жыртқыш құстар еттері желін-бейтіндігі мен нәжіс болу ерекшелігіне байланысты жыртқыш андарға ұқсайды. Жыртқыш жануарлардың сілекейлері нәжіс болғандықтан, бүркіт, қыран секілді жыртқыш құстардың ауыздары тиғен қалдықтары да лас сана-луы қажет еді. Қиястың нәтижесі осындай. Бірақ, бұл жерде истихсаның (жасырын қияс) өлшемі күштірек. Ол бойынша жыртқыш андардың ауында сілекейі болады. Ал, сілекейлері етінен бөлініп шығады. Еті лас болуына байланысты сілекейлері де лас саналады. Ал, жыртқыш құстар суды тұмсығымен ішетіндіктен, сілекейлері суға араласпайды. Жыртқыш құстардың тұмсықтары сүйек, сондықтан ол нәжіс емес. Сондықтан, оның ішken сулары да лас саналмайды. Бірақ, ықтияттылық тұрғысынан олардың ішken сұын қолдану мәкруғ саналған.

Бұған имам Мұхаммед пен Әбу Ханифаның арасында болған мына бір әңгіме мысал бола алады. Имам Мұхаммед:

– Еті жеуге келмейтін, етін адам пайдаланбайтын құстардың бірі адам пайдаланып жүрген ыдыстан су ішсе, ол жайлы не дейсіз? – деп сұрайды. Сонда Әбу Ханифа:

– Бұл сумен дәрет алмаған жөн деп ойлаймын, – деп жауап қатады.

Имам Мұхаммед:

– Ал егер біреу байқамай осы сумен дәрет алып, намаз оқыса ше?

– Намазы жарамды, қайта оқу қажет емес дер едім.

– Еті жеуге келмейтін жануарлар мен еті жеуге жарамсыз құстардың арасында қандай айырмашылық бар?

– Қиясқа салсақ, екеуінің бір-бірінен айырмашылығы жоқ. Бірақ, бұл мәселеде мен истихсанды ұстандым. Байқаған болсан, тауықтың сілекей сөлі араласқан суды макруғ десек, сол сумен дәрет алып, намаз оқыған адамның намазын қайта өтеуі қажет демейміз.

Сұннет, ижма және зәрулік истихсаны

1. Сұннетпен истихсан

Әбу Ханифа хадиске сүйене отырып, қиясты алмауды истихсан деп санаған. Бұл қағиданы төмендегідей мысалмен түсіндірсек болады.

Қиясты алмай, сұннетті дұрыс санауы: Егер ораза тұтқан адам ауыз бекіткенін ұмытып, ішіп-жеп қойса, оразасы бұзылмайды. Ал, қиясқа (салыстыру тәсіліне) салса не нәрсе болсын, қандай жағдайда болсын, егер ораза тұтқан адам байқамай ауыз ашып қойса, оразасы бұзылады. Бірақ,

қияс қағидасына сай келмейтін хадис бар. Пайғамбарымыз (саллаллау аләйхи уә сәлләм): «Кімде-кім ораза ұстаганын ұмытып, ішіп-жеп қойса, өзінің ауыз бекіткені есіне түскен сәтте оразасын жалғастырсын, себебі, оны сусындаңдырып, тамақтандырган Аллаһ тағала», [13] – деген. Бұл хадис қиястан басым түсіп қиясты алмай, истихсан жасаған. Осылайша, ораза тұтқан адам ұмытып ішіп-жеп қойса, оразасы бұзылмайды.

Тағы бір мысал: Намазда жанындағы кісі естілетіндегі күлсе, мұны қияс тәсіліне салып сараптасақ, дәрет бұзылмайды. Өйткені, дәрет денеден қан шыққан, қалдық заттар бөлінген жағдайда бұзылады. Адамның намаз үстінде құлуі егер дәретті бұзатын болса, намаз оқып тұрған адам мен оқымай тұрған адамның арасында ешқандай айырмашылық болмауы тиіс деген ой өзінен-өзі туады. Яғни, намаздағы құлқі дәретті бұзса, намаздан тыс уақытта да дәретті бұзуы керек еді. Бірақ, намаздан тыс уақытта дауыстап құлу дәретті бұзбайды (сондықтан, намазда да дәретті бұзбауы керек) бұл қиястың үкімі. Алайда, Әбу Ханифа және шәкірттері: «Кімде-кім дауыстап құлғен болса дәреті мен намазын жаңаласын», [14] – деген хадиске сүйене отырып, қиясты тастап, истихсанды таңдаған. Осылайша, намазда дауыстап құлудің дәретті бұзатындығы жайлы үкім берілген.

Олай болса, Имам Ағзам ешуақытта өзінің қиясын сахих хадистерден жоғары санамаған. Әбу Ханифаның сахих хадистерге сүйеніп, қиясты алмағандығы жайлы сол кезеңде Иракта хадис пен фиқһ саласында танымал ғалым Яхия ибн Адамның (h. 203/818 ж.) мына бір сөзін келтіре кеткен жөн: «Кейбіреулер «Әбу Ханифа хадисті тастап, қияспен шешім қабылдаған», – деп имамды негізсіз сынайды. Бұл оған ашық жала жауып, әділетсіздікке жол бергендей. Өйткені, Әбу Ханифа мен оның шәкірттерінің кітаптарында нақты хадис кездесетін мәселелерде қиясты тастап, хадистерді алғанын көп-теген үкімдерінен байқауға болады» [15]. Олай болса, ол нақты хадистерді ескерусіз қалдырмаған, ал кейбір хадистер бойынша амал етпесе, оның жалпы (Құран, одан да нақтырақ хадиске қайшы келуі) ұстанымына байланысты. Ал, мұндай тәсіл – тек Әбу Ханифага ғана емес, барлық мұсылман мұжтәхид ғалымдарына ортақ.

2. Ижмәга сүйенген истихсан

Бұл жердегі ижманың мағынасы тек мұжтәхид ғалымдардың ғана емес, жалпы халықтың белгілі бір істе ауызбіршілік танытып, бірігуіне қатысты айтылады.

Бұған мына мысалды келтіруге болады: Истихсан (**الإِسْتِخْسَان**) – қандайда бір затты жасауға тапсырыс беру дегенді білдіреді. Яғни, адамның құны белгілі бір затты жасату үшін ұстаға алдын-ала тапсырыс беріп, келісімшарт жасауы. Шарифатта қолда жоқ нәрсені сатуға тыйым салынуға байланысты саудада бұлайша келісімге келу дұрыс саналмайды. Өйткені, тапсырысты ұста келісім-шарттан кейін ғана жасауда.

Кезінде былайғы жұрт шарифаттың талабына жүрдім-бардым қарап, «Истихсан» саудасының көрігін қыздырғандықтан, ғұламалар бір ауыздан ижма жасап, сауданың осынау түріне рұқсатын берген. Сонымен қатар, бұл

қазіргі таңда өндіріс орындарына тапсырыс беріп, келісім-шарт жасауда да көрініс табады.

Әбу Ханифа бұл жайында: «Истихсан саудасы қиясқа қайшы болса да, истихсан жасау арқылы рұқсат беріледі» – деген. Яғни, қиясқа қайшы деңгендеге саудадағы сұраныс пен ұсыныстың бір мезгілде сәйкес келмейтінін мензеген еді. Ал, истихсан бойынша рұқсат етіледі деңгендеге жалпы қағидадан бас тартып, ғұламалардың ижмасына сүйенген еді.

3. *Зәрулік истихсаны:* Зәру, қат жағдайларға байланысты негізгі ережелерден бас тарту. Мысалы, зәру жағдайда өлексенің немесе Аллаһ харам еткен жануардың етін жеуге рұқсат етіледі. Әйтпесе, адам аштықтан өліп кетуі мүмкін. Емделмеген жағдайда сырқат адамның ауруы асқынып кетсе, емдеу мақсатында оның әурет мүшесіне қарауға рұқсат етіледі.

Ластанған құдық пен әуізді тазалауға қатысты мәселенің үкімі де осындей. Құдықтағы ластанған суды толығымен немесе жартылай залалсыздандырған күннің өзінде толық тазарғанына көз жеткізу қыын. Егер құдықтағы суды залалсыздандыру мақсатымен жарты құдық суды сыртқа шығарып таstadtық делік, бәрібір қалған су кейін құдық түбінен көтерілетін сүмен араласып, оны ластайды. Құдықтағы суды сыртқа толық шығарған күннің өзінде, құдықтың түбінен көтерілген су құдық түбі мен шегенінде, суды тартқан шелекте қалып қойған көзге көрінбейтін лас қалдықтармен араласпай тұрмайды. Басқа су көзі болмағандықтан, жергілікті халық осы құдықтың сүйін ластанса да ішуге мәжбүр. Осыны ескерген фикір ғалымдары тазалыққа байланысты шарифи ережелерден бас тартады. Яғни, судың белгілі бір мөлшерін шығару арқылы құдық сүйін таза деп табады. Сондықтан, бұл мәселеде қиясқа жүгінуді қажет деп таппайды да, истихсан тәсілін қолданып, құдықтағы судың белгілі бір мөлшерін сыртқа шығарумен су залалсыздандады деп үкім шығарған [16]. Аталмыш үкім жайында фикір ғұламалары: «Қиясқа қайшы келгенімен, истихсан қағидасы бойынша дұрыс», – деп санаған.

Әбу Захра Имам Ағзамның истихсанды қалай қолданғаны жөнінде: «Әбу Ханифа дәлелдер бір-біріне қайшы келген жағдайларда аса сақ әрекет ететін. Ол бір мәселені шешуде қиясқа әрі қалың жұртшылықтың әдет-ғұрпына қайшы келген үкімді алмайтын. Хадис бар кезде қиясқа жүгірмейтін. Өз еліндегі ғұламалардың бірауыздан келіскең тоқтамдарына ден қоятын. Мұндай дәлел тұрған кезде де қиясты негізге алмайтын. Міне, осы әдісті ханафи ғалымдары истихсан деп атады», – дейді [17].

Корыта келе, мынаны айтуга болады. Кейбір ғалымдар Әбу Ханифаның құқықтық мәселелерді шешу барысында истихсан әдісін шебер пайдаланғандығын, бұл тәсілде ешкімнің онымен бақ таластыра алмағандығын айтқан болатын [18]. Осы қасиетіне байланысты талай фәқиḥ оны қолдап пікір білдірсе, кейбір ғалымдар теріс көзқарас білдірген. Осыған орай, «Кәшфул-әсрар» кітабының авторы: «..Истихсанды дұрыс түсінбендер оны қаралап, ілімін түкке алғысыз етіп сынады. Негізінен, аса қадірлі, діндар, тақуа Әбу Ханифа секілді ғалым аузынан шыққан әрбір

сөзін дәлел-дәйексіз сөйлемеген. Шарифи тұрғыдан дәлелі жоқ мәселеде истихсан жасап, онымен амал етуден ол мейлінше аулақ...» [19], – дейді.

Ханафилардың тұсында бұл әдісті басқаша атаулармен мәликилер мен ханбәлилер да пайдаланған. Бірақ, кейбір ғалымдар осы терминді ең алғаш әрі жиі қолданғандықтан, мұны тек қана ханафиларға тән тәсіл ретінде қабылдаған.

Ислам құқығының динамизмін сақтайтын әдіснаманың бірі – осы истихсан. Жалпы, «Истихсан» – құқық нормалары мен өмір шындығын өзара сабактастыра талдайтын айрықша әдіс. Егер діннің шарттарына сай келетін қатарынан бір емес, бірнеше үкімнің орындалу мүмкіндігі болса, сол үкімдердің ішіндегісінің қайсысы діни шарттардың талаптарына мейлінше толық жауап берсе, соны тандауды білдіреді [20].

Ханафилардың истихсан әдісі «Қындықты тастап, жеңілін таңдау» принципі негізінде жүзеге асқанын байқауға болады. Имам Сарахси «жеңілін таңдау» діндегі жалпы қағидат екенін ескертеді. Сондықтан, діни үкімдерді тар шенберде ұқпауымыз керек. Ханафи ғалымдары осы әдісті қолдана отырып, уақыт талабына қарай діннің негізгі қағидалары аясында жаңа үкімдер шығаруға қол жеткізген. Яғни, олардың діни үкімдердің шынайы рухын ұғуға тырысып, ақықатқа қол жеткізуге талпынғандықтары байқалады. Жалпы, истихсан шаригатта барлық мұжтәхид ғалымдары бірауыздан мойындаған – Құран, хадис, ижма және қияс секілді негізгі (ас-лий) дәлелдердің санатынан емес, үкімге қол жеткізу үшін жасалған өзінше бір әдіснама екенін де айта кеткен жөн.

Әдебиеттер

1 «Әнбия» сұресі, 107, «Юнус» сұресі, 57.

2 «Зұмәр» сұресі, 17–18.

3 *Шагбан* З. Ислам хукук илминин есаслары (Усулул-фіқh) – (түрік тіліне аударған: И.К. Дөнмел). Анкара: ТДУ, 1990. – 181 б.

4 *Дөндүрән* Х. Делиллериile Ислам илмихали. Стамбул: Эркам, 1991. – 34 б.

5 *Баккал* А. «Ебу Ханифенин истихсан анлайышы». Имамы Ағзам Ебу Ханифе ве дүшүнже системи, 16–19 Еким, 2003, семпозиум материалдары, Куран араштырмалары уакфы. – Бурса, 2005. – 273 б.

6 *Әбу Бакр Ахмад ибн Али ар-Рази*. Ал-фусул фил-усул. – Кувейт, 1994. – 229 б. 4- т.

7 Жассас, әл-Фусуль, 4-т., 229-беттен А. Баккал. Ебу Ханифенин истихсан анлайышы. – 274 б.

8 Фіқh методологиясында қияс – Құран аяттары мен хадистерде және ижмада ашық үкімі жоқ қандай да бір қалыптасқан ахуалды Құран мен хадисте сөз болған қандай бір жағдаймен салыстыра отырып, ұқсастығына қарай шешім шығару.

9 әс-Сәймиәри Әбу Абдуллаh Хусэйн б. Али, Ахбару Әби Ханифа уә асхаби-хи, Бейрут, 1985. – 112 б.

10 *Қардауи Ю.* Мадхал лидирасатил шаригатил исламииати. – Каир, 2001. – 155 б.

- 11 Көптеген пікірталастарға себеп болған «Асхабур-рай» және «асхабул-хадис» мәселе сіне қатысты толыққанды мәлімет алу үшін қараңыз: А. Әділбаев, Ш. Әділбаева. Әбу Ханифа және ханафи мәзһабы. – Алматы: «Көкжие-Б», 2011. – 114–140 б.
- 12 Бұл да сонда, – 155 б.
- 13 Дұхари, Саум, 26; Мұслім, Сиям, 171.
- 14 Әбул Муаияд Мұхаммед ибн Харезми. Жамиул Масанидил Имам. Бейрут. – 247 б. 1-т.
- 15 Үәнби Сүлеймен Гауижи. Әбу Ханифа ән-Нұғман. Имамул-әиммәтил-фуқана. Дамаск: Дәрул-қалам, 1993. – 231–233 б. 7-басылым.
- 16 Ұсуул-фіқh, Мармара Университеті Илахият факультеті қоры баспасы, Стамбул, 1988. – 73 б.
- 17 Әбу Захра. Әбу Ханифа, хаятуhy уә асруhy, арайhy уә фикhyhy, Дарул-фіқріл-арағи. – Каир, 1997. – 302 б.
- 18 Саймиәри, Ахбару Әби Ханифа уә асхабихи. – 11–12 б.
- 19 Әбу Захра. Әбу Ханифа. – 307 б.
- 20 Баккал А. – 303 б. 1-т.

Резюме

Адилбаев А.Ш. Метод «истихсан», применяемый в принятии шариатских норм в ханафитском мазхабе

Место суннитского ханафитского мазхаба в исламской правовой школе очевидно. Формирование и развитие вопросов фикха касательно исламской правовой школы прямо зависит от Имама Агзама Абу Ханифы и от его мазхаба. Исламские шариатские нормы берутся из Священного Корана и сунны Пророка. Но вопросы по исламским нормам, не отраженные в Коране и сунне Пророка, озадачили исламских правоведов. Во II-ом веке Іиджры среди шариатских доводов появилась последовательность и определенная терминология для обозначения правовой методологии. Один из таких терминов – истихсан. Данный термин впервые был введен ученым-мужтахидом Абу Ханифой для принятия шариатских норм. В статье всесторонне рассматривается данный метод, использующийся ханафитскими учеными.

Summary

Adilbayev A.Sh. Method «Istihsan» used in Sharia Norms in the Hanafi School

The role of Sunni Hanafi madhhab in Islamic legal schools is obvious. Formation and development issues of fiqh concerning to Islamic legal schools is related to Imam Agzam Abu Hanifa and to his madhhab. Islamic Sharia norms are taken from the Holy Quran and the Sunnah of the Prophet. But questions about the Islamic norms are not reflected in the Quran and the Sunnah of the Prophet replexed Islamic law jurisprudents. In II-nd Century of Hidjrah sharia arguments appeared sequence and certain terminology for legal methodology. One such terms is «istihsan». This term was first introduced by scholar Abu Hanifa to adopt Sharia law. The article comprehensively considered this method used by Hanafi scholars.

*Гаухар Барлыбаева – Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым Министрлігі
Ғылым Комитеті Философия,
саясаттану және дінтану институты (Алматы)*



**ТҮРКІ ФИЛОСОФИЯСЫНДА
ЕКІ ДУНИЕТАНЫМДЫҚ АҒЫМДЫ
ЗЕРДЕЛЕУ АЯСЫНДАҒЫ
ЖҰСІП БАЛАСАҒҰН ҚӨЗҚАРАСТАРЫ**

Аннотация. Мақалада түркі философиясындағы зайырлы-рационалистік және сопылық ағымдар талданады. Автор Түркі мемлекетінің Жұсіп Баласағұн заманындағы әлеуметтік-этикалық мәселелердің энциклопедиялық қамтылуы, оның рационалды түсіндірілуі және сол сияқты өмірді шабыттандыруы мен шығарманың көркем тартымдылығын, ортағасырлық түркілік этикалық ойдың за-йырлы бағыттылығын Жұсіп Хас Хажіптің негізденгенін атап көрсетеді.

Түйін сөздер: түркілік философия, этика, әлеуметтік, поэма, ортағасыр, ой-шыл, тұжырымдама, зайырлы, сопылық.

Түркі ойшылдарының этикалық қозқарастарын, біздің ойымызша, ортағасырлық мұсылман философиясындағы адамның екі дүниетанымдық тұғырын көрсететін негізгі екі ағымның аясында қарастыруға болады. Теориялық негізі шығыс перипатетизмінің рационалистік философиясына сүйенген Ж. Баласағұнның философиялық шығармашылығы түркілік ортағасырдағы әлеуметтік-этикалық ойдың зайырлы бағдарланған, рационалистік бастамы болды, ал Қожа Ахмет Иасауи мен оның пікірлес ізбасары С. Бақырганидың рухани мұрасы, ең алдымен өзінің ішкі әлемін тани білу барысындағы адамның өнеге-ізгілігін жетілдіруге ұмтылған діни-сопылық бағытта дамыды. Бұл екі ағым – зайырлы-рационалистік және сопылық – адамдардың саналарына ықпал ету мақсатында қатар өмір сүріп, кейде бір-біріне қарсы келу арқылы, талас-тартыспен түркілік этикалық ойдың ары қарай дамуын айқындалп берді.

Шын мәнінде, іс жүзінде осы екі ағымның бірде-біреуі «таза» қүйінде көріне қоймағандылығын атап өткен жөн. Нақты айтқанда, сез мәңгілік болмыс сауалдарына жауаптар іздестірудегі рационализм мен сопылық мистицизмінің арақатынасында, әлемді, Құдайды және адамды философиялық зерделеуде қандай да бір үрдістің басымдығы туралы болады.

Сонымен бірге, жапон қоғамында елдің әкімшілік-мемлекеттік үлгісін өзгерту туралы талас-тартыс орын алуда. Осы өзгерістердің бастапқы кезеңінде Жапонияның әкімшілік-мемлекеттік жүйесі реформасының тұжырымдамасы ұсынылды [1, 3 б.]. Иомиури газетінде жарияланған тұжырымдаманың негізгі идеялары ретінде Жапонияның премьер-министрі мен оның аппаратының қызметін күштейту, мемлекеттік мекемелердің құрылымын қайта құру, олардың қызмет мазмұнын қайта қарау айтылды. Мақаланың авторлары әкімшілік басқарудың вертикальді құрылымын өзгерту қажеттілігі туралы негізгі қағидалар ұсынды. Бұл қағидалар Жапония үшін маңызды сипатқа ие болып отыр. Эр жапон министрлігінің мемлекеттік шешімдерді жасаған кезде ерекше тәуелсіз құзыреттері бар. Мақалада айтылғандай, «Конституцияға сәйкес Жапонияның премьер-министрі «министрлер кабинетінің басшысы» ретінде анықталған», бірақ оның өкілеттігі едәуір шектелген. Өйткені ол министрліктерді тікелей басқара алмайды және егер қандай да бір министрлік әлде бір шешімге қарсылық білдірсе, онда бұл шешімді министрлер кабинетінің отырысында қабылдау мүмкін болмайды». Осыған байланысты макалада министрлер кабинетінің отырысында премьер-министррге даулы мәселелерді шешу, сондай-ақ, кабинет басшысына министрліктерді іс жүзінде өзіне тікелей бағындыру өкілеттігін заңдастыру ұсынылуда.

Тұжырымдаманың тағы бір маңызды қағидасы – нақты министрліктердің қызметін жөнілдету және тиімділігін арттыру мәселесін қарау. Атап айтқанда, «соғыстан кейінгі жылдардағы министрліктер мен ведомстволар жүйесін реформалау және оны сыртқы әрі ішкі құрылымдық өзгерістерге тиісті түрде жауап беру үшін әкімшілік саясатты пәрменді жүзеге асыра алатындей етіп қайта жасау қажеттілігі» түсіндірілді. Макаладағы реформаның жобасы

министрліктер мен ведомстволардың жартысынан көбін қысқартуды болжауда. Оның үстіне қаржылық-ақшалай либерализация, жаңа ақпараттық технологиялар мен жүйелерді дамыту, шет елдерге ресми көмек көрсету арқылы экономикалық дипломатияны кеңейту, бірінші кезекте қарт адамдарға, әлеуметтік жағдайы нашар топтарға көмек көрсету бағдарламаларын жасау сияқты мемлекеттің әкімшілік күш-жігерін жұмсау кезінде басым салаларды нақты анықтау көзделген. Сонымен қатар, Жапонияның іскерлік топтары әкімшілік-мемлекеттік жүйе реформасы мәселелері жөнінде пікір-таласқа белсенді түрде қатысты. 1995 жылдың сонында Жапонияның ірі экономикалық ұйымы – Экономикалық ұйымдар федерациясы («Кэйданрэн») келесі ережелерді қамтыған әкімшілік реформа тұжырымдамасын жариялады:

- Мемлекеттік шешімдерді қабылдау кезінде саяси басшылықты күшейту;
- Мемлекеттің қаржысын қайта бөлу;
- Орталықсыздандыру үдерісін дамыту;
- Әкімшілік және қаржы реформаларын жүйелі түрде жүзеге асыру.

1996 жылдың жазында Кэйданреннің әкімшілік реформаны өткізуге қатысты талаптары одан әрі күштегі түсті. Сол кезде федерацияның төрағасы болған Т. Тоеда ауқымды семинардағы сөйлеген сөзінде Жапонияның премьер-министріне реформаның қарқынын тез арада күштейтуді тікелей өзінен өтінгендігін мәлімдеді.

Сонымен бірге, Жапонияның басқа да беделді экономикалық ұйымдары, атап айтқанда, «Жапон кәсіпкерлері федерациясы» («Никкэйрэн») мемлекеттің әкімшілік моделін радикалды жолмен реформалауга үндеді, мұны 1996 жылдың қыркүйек айында осы федерацияның төрағасы өткізген баспасөз конференциясы растайды. Жапонияның негізгі жеке компаниялары бөлім басшыларының берген саулнама нәтижелері бойынша кәсіпкерлердің басым көпшілігі үкіметтік мекемелердің қысқаруына, мемлекеттік реттеуді азайтуға қолдау көрсетті [2, 14 б.].

Саяси топтар әкімшілік-мемлекеттік аппараттың қызмет атқаруына құшті ықпалын тигізді. Жапонияның жетекші саясаткерлері әкімшілік реформаны өткізу мәселесін өзінің басты міндеті ретінде қарастыра бастады. 1994–1996 жылдары билік басында болған социалист Т.Мурајманың үкіметі 1995 жылдың қаңтар айында келесі бағдарламаны ұсынды:

- мемлекеттік реттеуді женілдету;
- арнаулы мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру;
- аймақтардың өкілеттігін кеңейту;
- мемлекеттік аппарат дотациялар жүйесін қайта қарастыру;
- әкімшілік процедураларды женілдету;
- әкімшілік құрылымдарды реттеу;
- мемлекеттік аппараттың үйлестіру қызметтің жетілдіру.

1996 жылдың қаңтар айында Т. Мурајма үкіметі қызметтөн кеткеннен кейін Р. Хашимото қалыптастырыған үкімет әкімшілік реформаны өткізуі қолға алды. 1996 жылдың мамыр айында бұрынғы үкімет бағытының кейір элементтері мен жаңа тұстарын қамтитын «Хашимото тұжырымдамасын»

жариялады. Жапон қоғамында жоғары деңгейде инновациялық белсенділікті қолдайтын әкімшілік басқару түрін орнату Хашимотоның әкімшілік реформасының басты міндегі болды. Мемлекеттік аппарат мемлекеттік мекемелердің қайта ұйымдастыруды көздейтін келесі уш бағытта шоғырлануы туіс еді:

- сыртқы байланыстар (дипломатия, қорғаныс, халықаралық экономикалық қатынастар)
- ішкі саяси тәртіп (әділет, құқық қорғау органдары, азаматтық қорғаныс)
- қаржы және экономика (бюджет, салық, аймақтық қаржы саясаты, бағалы қағаздар, макроэкономикалық саясат).

Жапон парламентінің төменгі палатасына болған 1996 жылдың күзгі науқанында (оның нәтижесі бойынша ЛДП бір партиялық үкіметті қалыптастырырды) Р. Хашимото жаңа әкімшілік-мемлекеттік жүйенің 2001 жылдың 1 қантарына дейін құрылғының науқанындағы үзеде берді [3, 38 б.].

Жапон әкімшілік реформаларын өткізуіндік әлеуметтік жағдайы қоғам ішінде реформа мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан басым бағыт ретінде қарастырылғанын раставиды. Елдің әкімшілік-мемлекеттік үлгісін өзгерту туралы қоғамдық пікірталас аясында көтерілген мәселелердің терең экономикалық сипаты болып, жапон ұлттық мінезінің бірнеше дәстүрлі сипатын қозғады.

1990 жылдардың екінші жартысындағы жапон газеттеріндегі мақалаларын талдай отырып, елде әкімшілік-мемлекеттік басқаруды реформалау мәселелерінің келесі басым тізімін құрастыруға болады: мемлекеттік реттеудің күрт азайту, мемлекеттік институттардың реформасы, орталық билік органдарының өкілділігін аймақтық әкімшілік органдарға беру.

Экономикалық дерегуляция мәселесі пікірталас барысында маңызды мәселелердің біріне айналды. 1995 жылы Жапония үкіметі жариялаған «дерегуляцияны жүзеге асырудың бес жылдық жоспары» мындан астам тармақты қамтып, оны жеті бағыт бойынша топтастыруға болады:

- құрылыш шығынын азайтқан кезде жерді, тұрғын үй құрылышын тиімдірек пайдалану үшін жағдай жасау;
- акпараттық технологиялар саласын кеңейту;
- туризмге арналған көлік инфрақұрылымын жақсарту, әлемдік деңгейде осы саланың бәсекелестікке қабілеттігін арттыру;
- импорт шарттарын жеңілдету, осы саладағы ішкі стандарттарды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру;
- қаржы айналымын, қаржы қызметі мен бағалы қағаздар нарығын жақсарту;
- еңбек қатынастары саласындағы процедураларды жеңілдету;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы стандарттарды жетілдіру.

Осы сипаттамалар елдің бүкіл әлеуметтік-экономикалық жүйесінің маңызды аспектілерін қамтитындығын раставиды.

1998 жылдың жазында Жапонияның әкімшілік реформасының дамуында жаңа қадам жасалды. Оның тұжырымдамасы заңдастырылып, Жапония парламентінде Әкімшілік реформа туралы негізгі заң қабылданды. 2001 жылдың қантарынан бастап әкімшілік-мемлекеттік құрылымның едәуір

жетілуі жүзеге асты. Соғыстан кейін алғашқы рет министрліктердің саны 12-ден 10-ға дейін қысқарды. Әр министрлікте вице-министр лауазымы енгізілді. Бұл лауазымға билеуші партиядан саясаткер-депутаттар ротация негізінде тағайындалды. Оның үстіне, осы лауазымдарға азаматтық тұлғаларды тағайындау қарастырылған. Парламенттік хатшылар (министрдің парламенттік орынбасарлары) штаты біршама көнектілді. Егер осыған дейін әр министрлікте олар бір-бірден болса, енді олардың саны екі-үш адамға өсті. Сонымен бірге, бұл лауазымдарға негізінен болашағы бар жас саясаткерлер тағайындалды. Сол себепті министрліктер қызметінің саяси және азаматтық бақылауы күштейді. Әкімшілік-мемлекеттік шешімдерді жалпы үйлестіруінде үкімет басшысы ретінде премьер-министрдің қызметі біршама күштейе тустанып. Осы мақсатта Министрлер кабинетінің әкімшілігі құрылды. Оның штатында шамамен 4 мың адам болды.

Мемлекеттік институттарды реформаласу саласында да бірнеше маңызды шаралар қолданылды. Олардың ішінде бірінші кезекте арнаулы мемлекеттік компанияларды («токушю ходжин») қайта ұйымдастыруды атап өткен жөн. Бұл компаниялар жапон үкіметі қабылдаған қаулылар негізінде құрылып, табыс алып келетін кәсіпкерлік түрінде немесе басқа түрде мемлекеттік қызметтің белгілі бір түрлерімен тіркеледі. Әдеттегі мемлекеттік құрылымдарға қарағанда арнаулы мемлекеттік компанияларда кадр және қаржы мәселелері оралымды күйде шешіледі.

Әлеуметтік жоспардағы «токушю ходжин» бизнес ортасында мемлекеттік әсер ету агенттері болып табылады. Сонымен бірге, «токушю ходжинді» тез өзгеретін экономикалық және әлеуметтік ортаға бейімдеу мүмкіндіктері шектеулі. Олар белгілі бір министрліктерге бекітілген бюджеттік ұйым болып табылады және министрлік деңгейінде бекітілген жоспарлар мен нұсқаулықтар негізінде әрекет етеді. Бірнеше «токушю ходжин» экономикалық түрғыдан тиімсіз болып, 2001 жылдың қантар айында олардың реформасы жүзеге асты. Олардың көбі «тәуелсіз әкімшілік орган» (ТӘО, докурицугесэйходжин) мәртебесін алды. Жаңа әкімшілік санатты енгізу қызметтерін атқару және оларды жоспарлау мен жасау және «тәуелсіз әкімшілік органдарға» басқару өкілеттігінің бір бөлігін беру сияқты әкімшілік ету тетіктерін бөлу арқылы әкімшілік қызметтердің белгілі бөлігінің тиімділігін, сапасын және жариялышына (транспаренттілігін) себепші болуы тиіс. ТӘО туралы арнайы заң (2001 жылғы ТӘО құру заңы) негізінде олардың автономды және орамды процедураларын жүзеге асыру мен оның қызметтің нәтижелерін тікелей және нақты бағалау мен оларды жариялауды қамтитын өкілеттілік саласы бекітілді [4]. Осы заңның 3-бабына сәйкес өзін ақтайтын және тиімді іс-шараларды жүзеге асыру үшін ТӘО бар күш-жігерін жұмсауы қажет.

Іс жүзінде ТӘО мен министрліктердің өзара қарым-қатынастары келесі жолмен тұжырымдалады. Министрлік ТӘО-ға министр бекіткен орта мерзімді мақсаттық бағдарламаларды ұсынады. ТӘО оларды үш-бес жыл ішінде орындауды қажет. Мақсаттық бағдарламалар мазмұны олардың мерзімін, орган қызметтің тиімділігін арттыру шараларын, сондай-ақ, халыққа көрсетілетін

әкімшілік қызмет сапасы мен олардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуды қамтиды. Шын мәніндегі, орта мерзімді бағдарламалар ТӘО қызметінің нәтижелерін кейіннен бағалау өлшемі болып табылады және оларды осындаидан бағалауда қолдану жеңіл болатындей етіп құрастырылған.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жақын келешекте жапон әкімшілік-мемлекеттік үлгісінің өзгеруі мүмкіндігіне түрткі болатын бірнеше алғышарттарды атап өтуге болады:

1. Барлық негізгі әлеуметтік топтар жаңа үлгісін құруға ниет білдіріп отыр;
2. Мемлекет басшысы жаңа үлгіні құрудың нақты мерзімдерін атады. Жапонияда сайлауды үедесін жүзеге асыру саясаткер үшін ең маңызды міндет болып саналады;
3. Шетел мемлекеттері, ең алдымен, АҚШ, әкімшілік-мемлекеттік саясаттың бірнеше дәстүрлі қағидаларынан бас тартуды талап ете отырып, Жапонияға күшті қысым қөрсетіп отыр;
4. Үзакқа созылған құлдыраудан кейінгі жапон экономикасының жандануы өте баяу қарқынмен жүзеге асуда;
5. Жапон қоғамын түбекейлі реформалар жоспарларын ұсынып отырған шамшыл саясаткерлер ең ықпалды саяси партияларды жетекшілік етіп отыр.

Жапонияның дамуының тарихи тәжірибесін зерттей келе, тұжырымдалған алғышарттар 1868 жылғы Мэйдже реставрациясы және екінші дүние-жүзілік соғыстың аяқталуынан кейінгі реформалар (1947 жылдан бастап) сияқты өзгерістерге алып келуі мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 3 мамыр 1996 жылғы Иомиури газеті.
- 2 *Еда К. О-якуше-но-шикуми.* (Жапон министрліктері мен ведомстволарын ұйымдастыру) – Токио, 1994, жапон тілінде.
- 3 Japan Times weekly. 1997. – 13–19 қаңтар.
- 4 Law on the independent administrative institution (Law of the year 2001).

Резюме

Ақын Б.К. Реформация государственной службы Японии: проблемы и перспективы

В данной статье рассматриваются вопросы реформирования государственной службы Японии за последние 15 лет. Приводятся рекомендации по совершенствованию деятельности государственных служащих. Также детально проанализированы различные мнения относительно этой проблемы.

Resume

Akyn B.K. Reformation Public Service in Japan: Problems and Prospects

This paper considers the issues of civil service reform in Japan in the past 15 years. There are some recommendations to improve the work of public servants. Also regarding this issue the various opinions were analyzed in detail.

УВАЖАЕМЫЙ МУХТАРБЕК СЕЙД-АЛИЕВИЧ!

Коллектив Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК от всей души поздравляет Вас с 50-летним юбилеем! Ваш творческий путь долгие годы связан с нашим Институтом, мы знаем Вас как видного казахстанского ученого, талантливого человека, честного, доброжелательного и принципиального.

Вы являетесь компетентным руководителем, с 2012 года возглавляете стратегически важный для современного этапа развития казахстанской государственности отдел политологии, и в этой должности достойно представляете наш Институт в научных и общественно-политических кругах. Также Вы руководите научно-экспертной группой (НЭГ) Ассамблеи народа Казахстана г. Алматы, в задачи которой входит формирование прогнозных оценок в сфере межэтнических отношений и проведение мероприятий, направленных на укрепление общественного согласия и национального единства в Казахстане.



Ваши труды по актуальным проблемам философии, этнологии, этносоциологии, социальной философии, политологии, выступления на научных конференциях и круглых столах известны среди научной общественности Казахстана. Ваши международные научные связи с учеными РФ и СНГ позволили достойно представлять отечественную политологию и наладить взаимовыгодное сотрудничество по актуальным вопросам безопасности в мире. Ваши научные работы отличаются содержательностью, теоретической проработкой, оригинальностью мышления, способностью прогнозировать актуальные современные процессы.

Ваша профессиональная карьера является ярким примером деятельности человека, гармонично сочетающего в себе лучшие свойства профессионала-практика, ученого-исследователя и гражданина-патриота.

Профессионализм, решительность и упорство в достижении поставленных целей, чувство гражданской ответственности, требовательность к людям в сочетании с добрым к ним отношением снискали Вам заслуженный авторитет среди коллег и друзей.

Дорогой Мухтарбек Сейд-Алиевич!

Желаем Вам долгих лет жизни, успехов в научной деятельности, семейного счастья, человеческого общения, гармонии и радостных событий!

*Коллектив Института философии,
политологии и религиоведения КН МОН РК*

ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ-2050: ЗАҢШЫҒАРУШЫЛАРМЕН БІРГЕ ТАЛҚЫЛАУ

ҚР БФМ FK Философия, саясаттану және дінтану институтында әлеуметтік-гуманитарлық ғылым жолында қызмет етіп жүрген ғалымдардың Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаттары М.С. Әшімбаев және Қ.С. Сұлтанов пен кездесуі өтті. Аталмыш кездесуде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» Жолдауында көтерілген өзекті мәселелер мен сұрақтар талқыланды.

Кездесуге түрлі ғылыми-зерттеу мекемелерінен (ҚР БФМ FK Философия, саясаттану және дінтану институты, ҚР БФМ FK Шығыстану институты, ҚР Президенті жаңындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты, ҚР МАМ жаңындағы Қазақ мәдениет және ақпарат ғылыми-зерттеу институты) өкілдік еткен көрнекті ғалымдар мен Алматы қаласының жетекші жоғары оқу орындарының (әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Тұран» университеті) профессорлық-ұстаздық құрамы мен сарапшылар қауымдастырының өкілдері катысадан болатын. Ғалымдар мен депутаттардың диалогын ҚР ҰFA корреспондент мүшесі, ҚР БФМ FK Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры З.К. Шаукенова ашты. Өзінің кіріспе сезінде ол осындай кездесулердің тәжірибелік маңыздылығы мен уақыттылығын көрсетіп, мемлекет Президентінің ғылымды қаржыландыруды ЖІӨ-нің 3 % кем емес деңгейге жеткізу тапсырмасынан көрініс табатын ғылым мен ғылыми зерттеулердің дамуы мен нығаюына қарай маңызды және ауқымды қадам жасалғанын белгілеп өткен болатын. Қазақстанның ғылым туралы заңмен бекітілген ғылым мен ғылыми зерттеулердің қаржыландырудың жаңа жүйесі мен мемлекеттің қызырғы екі жыл ішінде қазақстанның ғылымның қаржыландыруын ұлғайту бойынша жасаған қадамдары ҚР БФМ FK Философия, саясаттану және дінтану институтының қызметіне он әсерін тигізген болатын. Институтта толығымен ҚР БФМ гранттық қаржыландыру шенберінде 24 ғылыми-зерттеу жобасы қаржыландырылып, орындалып келеді, сонымен қатар «Ғылыми қазына» пәнаралық ғылыми бағдарламасы мен ҚР Президент әкімшілігінің жетекшісімен бекітілген зерттеу жұмыстарының тақырыптық жоспары бойынша да ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілуде. З.К. Шәукенова өз кезегінде «Біз, Қазақстанның инновациялық дамуы барысындағы ғылымның жоғары деңгейі мен оның басым рөлін қолдауға бағытталған қадамдар өзінің онтайлы нәтижесін береді деп сенеміз» деп атап өтті.

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты **М.С. Әшімбаевтың** баяндамасында қозғалған басты мәселе Елбасының әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына ену үшін қазақстанның қоғамның алдына қойған басты міндеттердің аясында жан-жақты түсіндірлуі тиіс Қазақстанның қазіргі тандағы қоғамдық-саяси өміріндегі қатерлер мен міндеттер болып табылады.

Баяндамашы мақсатқа жету жолындағы кездесетін қындықтарды өткеру барысында кездесетін мәселелер жайлы ойдана бастаған кезде «дамыған мемлекет» дегеніміз қандай мемлекет, оның дамуын анықтайтын басты өлшемдер мен мұндай дамудың сатылары қандай деген сұрақтардың жиі туындастынын атап өтті. Қазіргі тандағы ғылым мен қоғамдық-саяси тәжірибеде XX-ғасырдың 80-

90 жылдары қабылданған белгілі бір өлшемдер әлі де қолданылып келуде. Бірақ, серпінді дамуға бағытталған заманауи талаптар «жоғары дамыған мемлекет» атауына толығымен жауап беретін «даму» белгілері бойынша мемлекеттердің классификациялық жүйесіне өзіндік бір түзетулер енгізуде. Бұл критерийлер жаңартылып, өзгерілуі тиіс, өйткені, олар қазіргі өзгерістердің шиелінісін сипаттайтын анықтаманың толыққандылығын қамтамасыз ете алмайды. Бұл анықтамаға жаңа тәсілдер мен жаңа өлшемдік көрсеткіштер қажет. М.С. Әшімбаевтың пікірінше бұлар мына көрсеткіштер: ЖІӨ жоғары деңгей; номиналды деңгей; ғылымды қажет ететін жоғары технологиялық өндіріспен байланысқан әртарапты экономика; экологиялық жағдаймен қатар, жайлы өмір сүру, рухани-адамгершілік қатынас, қызмет көрсету және т.б.; сапалы медициналық қызмет көрсету; білім мен ғылымның сапалы жүйесі; азаматтың құқығы мен еркіндігін қамтамасыз ететін демократиялық саяси жүйе.

Баяндамашы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауында орын алған еліміздің дамуындағы ұзақ уақытқа жоспарланған басымдықтар мен негізгі бағыттарға назар аудара отырып, алға қойылған міндеттерді шешу барысындағы кешенділік пен олардың өзара байланысын, өзара тәуелділігін де атап өтті. Қазақстандық қоғамның алдында тұрған қатерлерді қарастыра отырып, қазіргі таңда елімізге аса қауіп төндіретін үш қатерді атады: 1) әр тараптағылар мен үдерістердің тенденцияларын, кешенді дамуды сақтап тұратын, серпінді әрі жан-жақты дамуды талап ететін, дамыған отыз елдің қатарына кірудегі бәсекенің жоғары болуы; 2) адами ресурстардың жан-жақты дамуына бағытталған адам қуатының пассионарлы түрде босансызы, адам әлеуетінің жан-жақты дамуы, кешенді шаралар, олар арқылы экономикада ғана емес, қоғамның барлық саласында сапалы өзгерістерді жүзеге асыруға болады; инновациялық ойлау мен ғылымды қажет ететін өндірістің дамуына байланысты технологиялық тұрғыдан артта қалуды жену.

Баяндамашының пікірінше, Қазақстанның әлеуметтік-саяси дамуын қамтамасыз ететін негізгі міндеттер келесілер болып табылады: 1) тұтынушылық құндылықтарды артта қалдырып, еңбек, адам құқығы мен еркіндігін, адалдықты, өзі мен өзгенің алдындағы жауапкершілікті жоғарылататын құндылықтар жүйесінің қалыптасуы; 2) демократияның жан-жақты дамуы және жергілікті өзін-өзі басқару мен парламентаризмнің дамуын нығайту мәселесін қамтып өтетін, қоғамның саяси жүйесін жетілдіру бойынша іс-шараларды іске асыру; 3) әкімшілік реформаларды ретімен жүргізу және мемлекеттік органдардың жұмысының тиімділігін арттыру; 4) Мәңгілік ел патриоттық идеясының негізінде қазақстандық қоғамды біріктіру және нығайту.

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты **Қ.С. Сұлтановтың** баяндамасында да Елбасының Қазақстан халқына жолдауының маңызды тұстары аталып, олардың билік орындаушылары үшін ғана емес, сонымен қатар ғылыми қауымдастықтың да пәндік аясы болып табылатындығы айтылды. Қазақстандықтарға ұсынылған маңызды құжаттың маңызы мен ерекшелігін сипаттай келе, Қ.С. Сұлтанов оны «Технологиялар жолдауы» деп анықтады, яғни, экономика, саясат, мәдениеттің қарқынды, инновациялық дамуындағы технологиялар және «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы тапсырмаларды сатылы түрде орындау мен оны жүзеге асырудың жолдары белгіленген жолдау деп сипаттады.

Жалпы қоғам мен ондағы әрбір жеке тұлғаның санасының деңгейі жоғары дамыған қоғам мен оның сапалы тұстарын анықтайтын маңызды көрсеткіш болып табылады және ол асқан назар мен тәрбиелік жұмыстың қажет етеді. Осы түрғыда баяндамашы Қазақстан үшін адам құқығын сақтап, құқықтық мемлекет құрып, құқықтық сана мен мәдениет қалыптасырудың маңыздылығын баса айтты. Баяндамашы назар аударған, қоғамдық сананың деңгейін көрсететін тағы бір көрсеткіш ол – діни сана мен оның саласы. Қазіргі таңда қазақстандық қоғам дінге қарсы көзқарастар орын алған бірегей дүниетанымдық кеңістік болып табылмайды. Діни қатынастардың саласы кеңейіп жатыр, дінаралық сұхбат, сонымен қатар, зайырлы мекемелер мен діни ұйымдар мен бірлестіктердің өзара сұхбаты дамып, радикалды көзқарастар орын алғып отыр. Осы аталғандардың барлығы ғылыми түсіндіру, саяси түрғыдан реттеу, тәрбиелеумен қатар, ағартушылық жұмыстарды да қажет етіп отыр, себебі, діни радикализм діни ілім, ағым, қозғалысты терең білмегендіктен, білімсіздіктен туындаиды.

Айтылған ойлар ғылыми қызығушылықты тудырып, аудиторияның теориялық түрғыдағы бағасына да ие болды. Философия ғылымдарының докторы, профессор **А.Г. Косиченко** өз кезегінде екі ойын айқындал берді; біріншісі – қатерлерді өткеруге септігін тигізетін және оларды Қазақстанның өсіу мен дамуына әкелетін күш-қуатқа айналдыруға мүмкіндік беретін тиімді механизмдерді қалыптастыру керек десе, екіншісі – билік пен ғылыми қауымдастықтың серікtestігін жүзеге асыру керек деді. ҚР FK BFM Философия, саясаттану және дінтану Институтының қазақстандық қоғамның нығаюы мен оның оңтайлы құндылықтар жүйесін қалыптасыруға бағытталған бірқатар мәселелерді шешуге әлеуеті жетерлік. Институт орындаушы және заң шығарушы билікке ғылыми тараптан қолдау көрсетуге дайын, оның ғылыми-зерттеу нәтижелерін халықтың заң саласындағы еркіндігін кеңейту мақсатында қолдануға болады.

ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры, т.ғ.д. **Б.Қ. Сұлтанов** өз сөзінде, қазақстандық қоғамның алдына қойылған міндеттерді шешу жолдарына аса назар аударды. Құнделікті түрмис тәжірибесіне ендіру саясатын терең ойластыруға негізделген міндеттер толығымен ой елегінен өткен епті қадамдарды қажет етеді.

Б.Қ. Сұлтанов билік пен ғылыми қауымдастықтың серікtestігі жайлы пікірді қолдап, оны 1) Парламент қабыргасында ғылыми кеңесшілер институтын құру, 2) қоғамдық ғылым өкілдерін біріктіретін ұйым құру сияқты ойларымен толықтыра түсті. Бастапқыда бұл Алматы қаласының ЖОО-мен ғылыми ұйымдардағы қоғамтану өкілдерінің басын қосатын ұйымдық құрылым болуы мүмкін. Сонымен қатар, әлемдегі дамыған елдің деңгейін анықтайтын, яғни, белгілі бір мемлекеттің ішкі саяси саласына қатысты жаңа өлшемдерді қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастарға қатысты қалыптасқан таптаурындардан арылу керектігін айтты. Егемен Қазақстанның көпвекторлы саясаты айналамыздағы көршілерімізден алшақтанып, оқшаулану дегенді білдірмейді. Қазақстанның сыртқы саяси басымдықтары бар, бірінші кезекте ол, көрші мемлекеттермен өзара тиімді келісім орнату.

Б.Қ. Сұлтанов Елбасының халыққа жолдауындағы қойылған міндеттерді талқылай отырып, әлеуметтік әділлілік мәселесін де қозғап өтті, оның ойынша

адамдар әділетсіздікке төтеп бере алмайды. Осы әлеуметтік әділетсіздіктің орын алуына жол бермеу үшін түрлі деңгейдегі әкімдіктер жаңында қоғамдық кенесті жандандыру; мемлекеттік аппарат пен қоғамның арасында шектеулі келісімді ұстану; Парламентегі сайлау барысын аралас мажориталы-пропорционалды жүйе бойынша, яғни тек партиялардың тізім бойынша ғана емес, бір мандатты сайлау округі бойынша өткізу сияқты шараларды қолдануды ұсынды::

С.ғ.д., профессор **Ю.О. Булуқтаев** еліміздің идеологиялық өткен шағынан алған сабактар бойынша маңызды қорытынды жасады: жарияланған мақсаттар үран мен декларацияға айналып кетпеу керек, ол үшін барлық жағдайлар жасалмаса, нәтижесі де болмауы мүмкін. Белгілі бір мемлекеттің жоғары дамуын анықтау үшін «өмір сапасы» деген көрсеткішті ендіруді ұсынды. Әсіреле оның назары, қазіргі таңдағы Қазақстан идеологиясының негізін құрып тұрган қоғамдық ғылымға және оның жоғары гуманитарлық мазмұны мен оның жоғары гуманитарлық технологиясына, сонымен қатар Жолдауда атальп өткен егemen Қазақстанның мемлекетті қалыптастыруши, жалпы ұлттық құндылықтарына аударылды. Осы аталғандардың барлығы қазақстанның қоғамды нығайтуға бағытталған. Ю.О. Булуқтаев, пассионарлы қоғам құру қыын, дегенмен егер Қазақстан халқын біріктіріп, әлеуметтік әділеттілік қағидаларын ұстануға қол жеткізетін болсақ, бұл мүмкін екендігін айтты.

ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, т.ғ.д., профессор **М.Қ. Әбусейітова** бұл қазақстанның қоғамның маңызды мәселелерін нәтижелі шешуге мүмкіндік беретін билік пен ғылыми қауымдастықтың ігі кездесуі екенін атап өтті. Ол билік пен ғылыми қауымдастық арасындағы әріптестік төнірегінде сөз өрбіте отырып, бірқатар баяндамашылар қозғаған мәселе ҚР FK BFM Шығыстану Институтының ғылыми зерттеулерінде көрініс тапқан, тек солардың бірі де орындаушы және заң шығарушы билікке дейін жетпейтіндігіне алаңдатушылық танытты. М.Қ. Әбусейітова сонымен қатар, Мәңгілік ел идеясын насиҳаттап, Қазақстанның әлеуметтік-гуманитарлық және рухани-өнегелік дамуындағы бірқатар міндеттерді шешуге септігін тигізетін пәнаралық, кешенді зерттеулер, әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласындағы бірегей ғылыми зерттеулер бағдарламасын құру мәселесін де қозгады.

Ф.ғ.д., профессор **Р.Қ. Қадыржанов** қоғамдық ғылымдар саласындағы ғалымдардың қуатын біріктіретін ұйымдастырушылық құрылым құру идеясын қолдай отырып, 2025 жылға дейін қазақ тілін латын әліпбійне көшіру төнірегінде сөз сөйлемді. Осы мәселені қарастыруға Қазақстан ғалымдарын тарту үрдісі 2007 жылдан басталса, қазіргі таңда ол қайта жанданып, алда біршама уақыттың барысына қарамастан, бірқатар жаңа міндеттер койылып отыр. Латын әліпбійне көшу – ауқымды мәселе, латынданыру үрдісі БАҚ, Интернет арқылы басталып та кетті.

Оз кезегінде Рұстем Қазақбайұлы, бір жағынан, қазақ тілінің латын әліпбійн дайындау, екінші жағынан барлық түркі тілдес халықтарына бірдей латын әліпбійн дайындау мәселесі сияқты қазақ тілін латын әліпбійне көшірудегі ішкі және сыртқы аспектілерге тоқталып та кетті. Оның көзқарасы бойынша қазақ тілін латын әліпбійне көшірудін алғашқы нұсқасын Парламент бекіту қажет деп санайды.

ҚР Мәдениет және әкпарат министрлігі, Мәдениет комитеті, Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының директоры, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі **С.Ф. Мажитов** өз сөзінде болашақта Мәдениет Институты айналысатын жаңа Қазақстанның жаңа мәдени саясатын дайындау мәселесін қозгады. Қазақстанның

мәдени саясат концепциясын дайындау мәселесі үлттық қауіпсіздік мәселесімен тең, соңдықтан бұл құжатты толығымен ашық түрде Интернет қорларына жариялаумен келіспейтінін айтты. Аталған құжатты сәтті дайындаудың маңызды қырына оның негізіне қандай әдіснамалық нұсқаулар кіретіндігі жатады, бұл тек сарапшы қауымдастық үшін ғана емес, шығармашылық зиялды қауым мен халық үшін де маңызы зор екендігін атап өтті.

Ф.ғ.д., профессор **A.P. Масалимова** әлемдік стандарттарға сәйкес қалыптасып жатқан еліміздегі жоғары білім саласына аландардаулы екендігін айтты. Ол аудитория назарын жоғары оқу орнындағы профессорлық оқытушы құрамды, жас оқытушыларды әлеуметтік қолдау мәселесіне; мектептегі жоғары оқу орнына түсушілерді дайындау деңгейінің төмендігіне; қоғамдық-гуманитарлы саладағы мамандықтар бойынша оқығысы келетіндердің аздығына аударды. Сонымен катар, А.Р. Масалимова қазіргі қазақстандық қоғамды қандай келешекті тәрбиелеп отырғанымыз және жас үрпактың бойында қандай құндылықтарды қалыптастырып жатқанымыз аландататынын айтты.

Депутаттармен кездесу және пікір алмасу барысында **M.C. Әшімбаев** ғылыми сарапшыларға нәтижелі әрі пайдалы сұхбат жүргізгеніне ризашылық танытып, кездесуді екі негізгі нәтижемен қорытындылады: 1) билік пен ғылыми қауымдастықтың өзара байланысын жүзеге асыру үшін жаңа механизмдерді дайындау; 2) ғылыми зерттеулерді тиімді пайдалануға септігін тигізетін берік байланыс орнату.

М.С. Әшімбаев қазақстандық қоғамды жетілдірудің күрделі жолындағы міндеттерді шешу көбіне әлеуметтік гуманитарлық салаға байланысты және еліміздің білім және ғылым саласының өкілдерінің мемлекетке, отанымызға деген көмегінің рөлі де орасан зор екендігін атап өтті.

**Ғалия Құрманғалиева,
ҚР БФМ ФК Философия, саясаттану және дінтану
институтының бас ғылыми қызметкери,
философия ғылымдарының докторы, доцент**

ЮБИЛЕЙНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ

В Москве с 10 по 12 апреля сего года проходила XVI Международная научная конференция «Ильенковские чтения», посвящённая 90-летнему юбилею философа. Тема конференции: «Э. В. Ильенков: диалектика и культура». На пленарных и секционных заседаниях обсуждался круг актуальных философских проблем. Помимо пленарного заседания, работали следующие секции:

1. Э. В. Ильенков и гуманистическая традиция в мировой философии.
2. Э. В. Ильенков: методологические проблемы.
3. Теория идеального Ильенкова.
4. Вектор истории: от частичного индивида к универсальной личности.
5. Диалектика как логика истории.
6. Творчество Ильенкова и современная педагогика.
7. Место Ильенкова в развитии культурно-исторической психологии.
8. Диалектическая логика и противоречия современной культуры.

Кроме того, состоялся круглый стол «Ильенков и исторические судьбы экономической науки». В работе конференции приняли участие философы из разных регионов России, а также представители Канады, Германии, Финляндии, Польши, Украины и Беларуси. От Казахстана принял участие А.А. Хамидов. Подавляющее число участников было из России, а из них – москвичи. К сожалению, в работе конференции не смогли принять участие такие известные друзья и ученики Э.В. Ильенкова, как Л.К. Науменко, А.А. Сорокин, А. Г. Новохатько, а также В.М. Межуев.

Пленарное заседание открылось докладом *В.А. Лекторского* (Москва) «Ильенков и современная философия сознания». Основная идея доклада состояла в том, что во многих странах сегодня обсуждается проблема сознания, в особенности проблема связи сознания и мозга. На эти исследования выделяется финансирование, но достижения тут не очень впечатляющие. А ведь именно над этими (в том числе и над этими) проблемами в своё время весьма успешно работал Эвальд Васильевич, и его наработки сегодня весьма актуальны. *С.Н. Мареев* (Москва) выступил с докладом «Проблема идеального у Ильенкова и Лифшица». Он подверг критике позицию Лифшица – за то, что тот пытался решать проблему идеального с позиций онтологии, что, по мнению Мареева, является мировоззренчески и методологически неприемлемым. *Г.В. Лобастов* (Москва) выступил с докладом «Эстетическое сознание в философии Э.В. Ильенкова» и отметил вклад философа в эстетику. *В. Ойттинен* (Хельсинки, Финляндия) сделал доклад на тему: «Ильенков и Гельвеций, или: сводится ли человек целиком к своему воспитанию?» Он выступал по-русски, но разобрать что-либо было очень трудно. Пленарное заседание завершил доклад д-ра экон. наук *А.В. Бузгалина* (Москва) «Культура как коммунизм: диалектика научного бытия». Основная идея доклада заключалась в тезисе о том, что логика феномена всеобщего труда (понятие, введённое К. Марксом) по своей сути есть логика коммунистической реальности.

На первой секции наиболее интересными были выступления: *Юбарь Аннет* (Геомерсгайм, Германия) «Так называемый марксистский конец истории у А. Кожева», *М. Загорского* (Кельце, Польша) «Ещё раз о роли идеализма в становлении научного коммунизма», *А.Д. Майданского* (Белгород, Россия) «Реальность как деятельность: “практический материализм” Маркса и Ильенкова», *В.В. Пономаренко* (Киев, Украина) «К проблеме понимания свободы» и *Г.Г. Водолазова* (Москва) «Ре-

альный гуманизм как идеология XXI века». На второй секции были интересными выступления: «О понятии науки и научности философии» (*О.Ф. Иващук*; Ростов-на-Дону, Россия), «Демаркация научного и обыденного мышления» (*С.М. Кускова*; Электросталь Московской обл., Россия), «Гносеологический оптимизм, его рамки и наследие Ильенкова» (*Д.А. Ермолович*; Минск, Беларусь), «Теория диалектики как выражение целостности марксизма» (*Е.Ф. Соловьев*; Москва), «Почему и как диалектика?» (*М.Л. Бурик*; Киев, Украина), «Диалектика и анти-дидактика» (*А.А. Хамидов*; Алматы, Казахстан).

Работа третьей секции всецело была посвящена проблеме идеального. Интерес вызвали следующие выступления: *А. Леванта* (ОНТАРИО, Канада) «Теория деятельности и диалектика идеального» (автор обрисовал современное состояние исследования деятельности и идеального в англоязычной литературе), *С.З. Гончарова* (Екатеринбург, Россия) «Значение идеального в общественном жизненном процессе», *С.Н. Бычкова* (Москва) «О трудностях освоения категории идеального (по Э.В. Ильенкову), *И.Б. Костиной* (Воронеж, Россия) «Э.В. Ильенков и личностное измерение теории деятельности» и *Д.С. Кайдалова* (Харьков, Украина) «Диалектика идеального Ильенкова и учение о рефлексии Гегеля». На четвёртой секции интересными были следующие выступления: *Е.В. Мареевой* (Москва) «Человеческая индивидуальность и диалектика особенного», *В.А. Королёва* (Конаково Тверской обл., Россия) «Личность и проблема единичности», *Д.К. Кулкова* (Таганрог, Россия) «О личности и её типологиях», *М.В. Аристовой* (Москва) «К вопросу об универсальной личности в женском обличье», *М.А. Коломойца* (Киев, Украина) «Сравнение взглядов Э.В. Ильенкова и Дж. Даймонда на развитие личности».

В работе пятой секции, посвящённой философии истории, участников конференции заинтересовали выступления *А.Ю. Самарского* (Киев, Украина) «Политэкономия духа», *В.Ф. Шелике* (Москва) «Диалектика как логика истории: категориальные ряды Науки истории», *Д.В. Самардака* (Киев, Украина) «Категория тотальности и материалистическое понимание истории», *Д.С. Шельгорна* (Челябинск, Россия) «Проблема свободы человека в контексте марксистской концепции отчуждения». В шестой секции обсуждались проблемы педагогики. Здесь следует отметить выступления *И.С. Барсукова* (Красноярск, Россия) «Диалектика труда в учебном процессе», *Т.Н. Ищенко* «Диалектический подход к проблеме субъекта познания» (Красноярск, Россия), *В.Н. Суханова* (Зеленоград, Россия) «Диалектика в обучении versus “лающая” педагогика». Седьмая секция была посвящена месту Э.В. Ильенкова в развитии культурно-исторической психологии. Весьма содержательно здесь выступили: *А.Н. Ждан* (Москва) «К психологической составляющей творческого наследия Э.В. Ильенкова», *Е.Е. Соколова* (Москва) «Принцип неопределенности, диалектика Э. В. Ильенкова и судьба культурно-деятельностной психологии в XXI веке», *А.Н. Шиминой* (Воронеж, Россия) «Опыт дискредитации марксистских оснований феномена слепоглухоты», *Я.Р. Халимов* (Красногорск Московской обл., Россия) «Итоги Загорского эксперимента» и *Ю.В. Кудаева* (Киев, Украина) «Учение Ильенкова и перспективы развития психологии».

На восьмой секции («Диалектическая логика и противоречия современной культуры») обратили на себя внимание выступления *И.А. Рау* (Гамбург, Германия) и *К. Швыдко* (Алматы, Казахстан) «Культура и искусство в работах Эвальда Васильевича Ильенкова», *С.В. Резванова* (Ростов-на-Дону, Россия) «Э.В. Ильенков о

социокультурной природе иллюзорного сознания и методологии его критического анализа», *А.И. Комарова* (Зеленоград, Россия) «Религиозное сознание в контексте движения идеальных форм культуры в историческом процессе», *К.А. Москаленко* (Киев, Украина) «Любовь как необходимая составляющая человеческой коллективности», *Т.А. Мацёхи* (Киев, Украина) «Современный человек без лица» и *И.Г. Белокопытовой* (Москва) «Современность и возвышенное».

Завершилась конференция круглым столом на тему «Э.В. Ильенков и исторические судьбы экономической науки». Все участники были москвичами. Обсуждались как общие проблемы, так и частные. Среди первых интерес вызвали выступления *К.В. Сорвина* («Антропологические основания трудовой теории стоимости»), *О.Б. Зильберштейна* («Цепочка создания стоимости на примере образовательных проблем»), *А.Н. Агафонова* («История конверсии: уроки, выводы, перспективы»). Из выступлений по частным вопросам интересными были выступления *И.Э. Фролова* («Регресс экономической политики в современной России»), *Н.К. Попадюка* (Территориальные производительные силы региона») и *О.В. Мондруса* («Идеи Э.В. Ильенкова и проблемное поле талант-менеджмента»). Одно выступление (*А.И. Московского*) по своей формулировке («Актуализация диалектики Всеобщего, особенного и Единичного сегодня»), казалось бы, выпадало из общей тематики круглого стола. Однако автору удалось продемонстрировать свои положения на экономическом материале.

Аймұхамбетов Тимур – докторант PhD кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби

Ақын Бақтаулет Қалиахметұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің Корейтану және жапонтану кафедрасы докторанты

Алейник Раиса Михайловна – профессор кафедры философии Российского химико-технологического университета имени Д.И. Менделеева, доктор философских наук

Альмуханов Серик Хабдылъакимович – и.о. профессора Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова, кандидат философских наук

Алтаев Жакыпбек Алтаевич – Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, доктор философских наук, профессор

Әділбаев Алай Шәкімұлы – Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті доценті, дінттану кафедрасы менгерушісі, PhD докторы

Әлжан Қуаныш Ұзакбайұлы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінттану институтының жетекші ғылыми қызыметкері, философия ғылымдарының кандидаты, доцент,

Барлыбаева Гаухар Ғинаятқызы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінттану институтының жетекші ғылыми қызыметкері, философия ғылымдарының докторы

Бисекенова Никара Жалгасбаевна – научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Дунаев Владимир Юрьевич – главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор

Ешпанова Дина Далябаевна – главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, кандидат философских наук, доцент

Колчигин Сергей Юрьевич – главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор,

Курганская Валентина Дмитриевна – главный научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, доктор философских наук, профессор

Кулумжанов Нуржан Еркенович – старший преподаватель Казахского агротехнического университета имени С. Сейфуллина, магистр

Қаратышқанова Қымбат Рахметқызы – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінің дінттану және теология кафедрасы менгерушісі

Қоңырбаева Құлсия Магражқызы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінттану институтының аға ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты

Moldakhmet Bidas – Researcher of the Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of Committee Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Нарбекова Гульнар Ашимовна – ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, кандидат философских наук, доцент

Нуров Мархаббат Мешітбекұлы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті магистратура және PhD докторантура институты саясаттану және әлеуметтану кафедрасының магистранты

Ошакбаева Жазира Бейбітқызы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрлігі Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінттану институтының аға ғылыми қызметкері, философия ғылымдарының кандидаты

Samadov Elsevar – Institute of Philisiph, Sociology and Law of the National Academy of Science of Azerbaijan, Doctor of Philosophy

Сартаева Раушан Султановна – ведущий научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, кандидат философских наук

Сейдуманов Алмаз Жанатович – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби

Ташимов Мадибек – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университетінің дінттану және теология кафедрасы магистранты

Токтаров Ермек Бауржанович – научный сотрудник Института философии, политологии и религиоведения Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Швыдко Константин Алексеевич – докторант PhD кафедры философии Казахского национального университета имени аль-Фараби

АДАМ ӘЛЕМІ

Жылына төрт рет шығады

Издается четыре раза в год

Редакция мекен-жайы:

050010,
Алматы қаласы,
Күрмангазы көшесі, 29
Философия, саясаттану
және дінтану институты

Адрес редакции:

050010,
город Алматы,
ул. Курмангазы, 29
Институт философии, политологии
и религиоведения

Меншік иесі: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
«Философия, саясаттану және дінтану институты» республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (Алматы қаласы)

Собственник: Республиканское государственное казенное предприятие
«Институт философии, политологии и религиоведения» Комитета науки
Министерства образования и науки Республики Казахстан (г. Алматы)

*Басылып отырган материал
авторларының көзқарасымен редакция
алқасының пікірі едікес келмеуі мүмкін.*

*Мнение редакционной коллегии
может не совпадать с точкой зрения
авторов публикуемых материалов.*

*Журналда жарияланған
материалдардың, деректердің,
айғақтардың, тәсімдердің, сандық
корсеткіштердің, жарнамалардың
растығы авторлардың жауапкершілігінде.*

*За достоверность публикуемых
в журнале материалов, сведений,
фактов, схем, цифровых данных,
рекламы ответственность несут
авторы.*

*Журналдагы деректерді
пайдаланғанда тұпнұсқаға сілтеме
жасау міндетті.*

*При использовании материалов,
опубликованных в журнале, ссылка на
источник обязательна.*

Редакторлары *E. Дремкова, Ж. Ошақбаева*

Компьютерде жинақтаушы *Л. Токтарбекова* Компьютерное обеспечение

Теруге 26.05.2014 ж. берілді. Басуға 09.06.2014 ж. қол қойылды.
Форматы 70x1001/16. Есепті баспа табағы 11,2 Таралымы 500.
Тапсырыс № 39. Бағасы келісім бойынша.

Сдано в набор 26.05.2014 г. Подписано в печать 09.06.2014 г.
Формат 70x1001/16. Уч. изд. л. 11,2. Тираж 500.
Заказ № 39. Цена договорная